



Министерство национальной экономики
Республики Казахстан
Комитет по статистике



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ

«ҰРПАҚТАР ЖӘНЕ ГЕНДЕР»

ЗЕРТТЕУІНІҢ БІРІНШІ ТОЛҚЫНЫНЫҢ
ДЕРЕКТЕРІН ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

ҚЫСҚАША ЕСЕП



Министерство национальной экономики
Республики Казахстан
Комитет по статистике



Қысқаша есеп

Қазақстан
Республикасындағы

«ҰРПАҚТАР ЖӘНЕ ГЕНДЕР»

зерттеуінің бірінші
толқынының деректерін
талдаудың негізгі нәтижелері

2019

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ:

Оксана Синявская, экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ Әлеуметтік саясат институты директорының орынбасары

Владимир Козлов, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ ғылыми қызметкері

Анна Червякова, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ Әлеуметтік саясат институтының ғылыми қызметкері

Татьяна Гудкова, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ кіші ғылыми қызметкері

Дарья Карева, «Экономика жоғары мектебі» ҰЗУ кіші ғылыми қызметкері

Талдау жүргізу бойынша үйлестіру және есепті әзірлеуге сараптамалық қолдау көрсету:

Ғазиза Молдақұлова, Тұрғын халық және даму жөніндегі ЮНФПА бағдарламаларының Ұлттық үйлестірушісі

Қазақстандағы «Ұрпақтар және гендер» бағдарламасы бойынша ұлттық зерттеу

«Ұрпақтар және гендер» атты ұлттық зерттеу елдің демографиялық және әлеуметтік дамуын және оны анықтайтын факторларды түсінуді жақсарту үшін жүргізіледі. Бұл зерттеу демографиялық үрдістердің, отбасы қалыптасуының, неке-серіктестік қарым-қатынастардың, адамдардың репродуктивтік ниеттерінің, отбасылық және гендерлік құндылықтардың және жауапты ата-ана болудың себептерін анықтауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жарияланым отбасыларға қалаулы балалар санына ие болу мүмкіндігіне қатысты қажетті қолдау көрсетуді анықтауға және ұрпақаралық байланыстарды нығайтуға, егде адамдардың өмір сүру сапасын тиімді қолдауға, халықтың көші-қонын қоса алғанда адамдардың демографиялық мінез-құлқына әсер ететін факторларды анықтауға көмектеседі.

Қазақстандағы БҰҰ Тұрғын халық саласындағы қоры (ЮНФПА) Статистика комитетіне осы инновациялық зерттеуді халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізу бойынша және зерттеу барысында жиналған деректерді талдау және, сондай-ақ, талдамалы есепті әзірлеу бойынша техникалық қолдау көрсетті.

Әлеуметтік саясат институтының Әлеуметтік саясатты кешенді зерттеу орталығынан (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) халықаралық сарапшылар тобы тартылды. Тартылған мамандар «Ұрпақтар және гендер» бағдарламасының дерекқорларын талдауда және Ресей Федерациясының үкіметі үшін дайындалған зерттеу деректерінің негізінде тақырыптық талдамалы есептерді әзірлеуде мол тәжірибеге ие.

Жарияланым мемлекеттік және саяси шешімдер қабылдайтын тұлғаларды, биліктің әртүрлі тармақтарының өкілдерін, демографтарды, экономистерді, әлеуметтанушыларды, саясаттанушыларды, бизнес пен ғылыми қоғамдастықтарды қоса алғандағы кең аудиторияға арналған.

Осы жарияланымда білдірілген пікірлер авторлардың пікірлері болып табылады және міндетті түрде ЮНФПА, Біріккен Ұлттар Ұйымының немесе олардың үлестес ұйымдарының пікірлерін білдірмейді

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жақын басқа елдердегідей, Қазақстан Республикасында да көп жағдайда өлім-жітімнің әсерінен үлкен жастағы адамдардың үлесін арттыратын халықтың жастық құрылымының трансформациясы жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасы халқының жалпы санындағы 60 және одан жоғары жастағы халықтың үлесі 1950-1980 жылдар аралығындағы кезеңде 10,2%-тен 8,2%-ке дейін қысқарып, кейін қайтадан баяу өсе бастады және 2015 жылға қарай 10,6%-ке, ал 2019 жылға қарай 11,6%-ке жетті.

БҰҰ демографиялық болжамына сәйкес, алдымыздағы жылдары 60 және одан жоғары жастағы халық саны мен үлесінің өсу қарқыны тездейді: 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 15,3%-ке дейін, 2050 жылға қарай 20,1%-ке дейін, 2085 жылға қарай 26,4% ке дейін өседі¹. Неғұрлым белсенді – 20-64 жастағы – халықтың саны және басым көпшілігі жұмыс істемейтін 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны арасындағы арақатынас екі есе дерлік қысқарады. Республика халқы басқа көршілерінің – Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Украина, Армения, Молдова халқынан едәуір жас болғанымен және оның қартаюы, мысалы, Әзірбайжан немесе Өзбекстан халқына қарағанда баяуырақ жүргенімен, егде жастағы азаматтар үлесінің екі еселенуі мен демографиялық жүктеме коэффициентінің екі есе төмендеуі әлеуметтік және экономикалық институттарға елеулі сын-тегеурін болып табылады.

Халықтың қартаюы тұрғысынан, бір жағынан, жастардың жағдайы мен жас ұрпақтардың қандай адам капиталы бар екендігі ерекше маңызды болып табылады, себебі оған елдің одан арғы әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктері байланысты болып тұр. Ал екінші жағынан, ұрпақаралық қарым-қатынастардың өзгеруі – аға буынның адами, мәдени және әлеуметтік капиталын қандай дәрежеде пайдалануға болатыны маңызды.

Қолда бар статистика отбасылардың қалыптасу механизмдерін, түрлі типтегі отбасыларындағы ата-аналар мен балалардың, ерлер мен әйелдердің, еңбекке қабілетті адамдар мен егде адамдардың өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктерін және Қазақстан Республикасындағы отбасыаралық қолдау жүйелері мен оның нысандары туралы терең түсінуге мүмкіндік бермейтіні халық қартайып жатқандағы елдің қоғамдық-саяси дамуының бөлек бір сын-тегеуріні болып отыр. Ал, мұны түсінбейінше елдегі қартаюдың сын-тегеуріндері мен көріністерін жеңілдетуге көмектесе алатын демографиялық және отбасылық саясаттың жаңа тиімді құралдарды ұсыну қиын. Осыған байланысты жаңа деректерді тартудың объективті қажеттілігі туындайды.

2004 жылдан бері БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының аясында «Ұрпақтар және гендер» атты кешенді бағдарламаның шеңберінде 20 еуропалық және 4 еуропалық емес елде өткізіліп жатқан «Ұрпақтар және гендер» атты халықаралық зерттеу осындай деректердің сенімді көзі болып табылады². Посткеңестік кеңістікте «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің кем дегенде бір толқыны Беларусь Республикасында, Грузияда, Литвада, Ресейде, Эстонияда өткізілді³.

Осы есепте 2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті тарапынан БҰҰ Тұрғын халық саласындағы қорының техникалық қолдауымен Қазақстан Республикасында өткізілген «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің бірінші толқынының деректерін талдау нәтижелері келтірілген.

Зерттеу іріктемесі 18-79 жастағы **14829** респондентті қамтыды. Сауалнама планшеттік компьютерлерді пайдалана отырып, анкета бойынша стандартталған жеке сұхбат әдісімен жүргізілді. «Ұрпақтар және гендер» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі үйлестірушісі – Нидерланд пәнаралық демографиялық институты деректерді үйлестіру және зерттеудің дерекқорын қалыптастыру мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсеткенін атап өткен жөн.

Есепті Ресейде, Грузияда, Эстонияда және Литвада осыған ұқсас зерттеулердің деректерін талдауға қатысқан халықаралық сарапшылар тобы дайындады.

¹ <https://population.un.org/wpp/Download/Standard/Population/>

² <https://www.ggp-i.org/about/>

³ 2021 жылы оны Молдовада тіксіз жоспарланып отыр.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
«ҰРПАҚТАР ЖӘНЕ ГЕНДЕР»
ЗЕРТТЕУІНЕ ҚАТЫСҚАН
РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ БАРЛЫҚ
ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ
СИПАТТАМАСЫ



ХАЛЫҚТЫҢ ЖАС-ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстандағы «Ұрпақтар және гендер» (ҰГ) зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, ЕРЕСЕК ХАЛЫҚТЫҢ 53,0%-ін ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ 47,0%-ін ЕРЛЕР ҚҰРАЙДЫ, бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «2018 жылғы алдын ала деректер» статистикалық жылнамалығында жарияланған деректермен (тиісінше 51,6% және 48,4%) үйлеседі.

Зерттеу нәтижелері бойынша қала халқының үлесі 60%-ті және ауыл халқының үлесі тиісінше 40%-ті құрады⁴. Бұл қала және ауыл тұрғындары үлестерінің арақатынасы жарияланған деректерге жақын – тиісінше 58,2% және 41,8%. Осылайша, жүргізілген зерттеу жалпы алғанда республика халқының деңгейінде негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бойынша репрезентативті болып табылады деп айтуға болады.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) елдерімен салыстырғанда, Қазақстанға 65 және одан жоғары жастағы адамдардың салыстырмалы шағын үлесі мен халықтың жалпы санындағы 18 жасқа толмаған балалар мен жастардың айтарлықтай жоғары үлесі тән. 2018 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша, ЕЭО бойынша халықтың жалпы санындағы 65 және одан жоғары жастағы тұлғалардың үлес салмағы орташа есеппен 13,5%-ке тең болса, Қазақстан Республикасында ол 7,3%-ті құрады. Сонымен қатар, БҰҰ болжамдары бойынша⁵, Қазақстан Республикасында 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 2030 жылға қарай 15,3%-ке және 2050 жылға қарай 20,1%-ке жетеді, яғни Тәжікстанға, Өзбекстанға және Қырғызстанға қарағанда көбірек болады. Бұл деректерге қарап Қазақстан халқын басқа елдермен салыстырғанда кәрі деуге болмаса да, алдағы онжылдықтарда республикада егде жастағы адамдардың саны мен үлесі өседі деген қорытынды жасауға болады, бұл халықтың осы тобына қатысты әлеуметтік саясат үшін жаңа міндеттер қояды.

РЕСПОНДЕНТТЕРДІ ТУҒАН ЖЕРІ МЕН ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША БӨЛУ

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі Қазақстан Республикасының 14 облысында және республикалық маңызы бар 2 қаласында жүргізілді⁶. Халық санындағы ең үлкен гендерлік үйлесімсіздік (әйелдер ерлерге қарағанда көп) Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында және елорда Нұр-Сұлтанда анықталды. Оңтүстік Қазақстан, Атырау және Қостанай облыстарында кері жағдай байқалды – мұнда ерлер саны әйелдер санынан асып түсті.

Сұралғандардың 90%-інен астамы Қазақстан Республикасында, 3%-і Ресейде және 2,1%-і Өзбекстанда дүниеге келген. Қалған респонденттер (2,4%) туған жерін басқа ел деп көрсетті – Әзірбайжан, Армения, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан, Латвия, Литва, Молдова, Польша, Эстония және т.б. Ресейде туғандардың ең үлкен үлесі Солтүстік және Орталық Қазақстанда, ал ең аз үлесі Оңтүстік Қазақстанда тұрады. Сонымен бір уақытта, Оңтүстік Қазақстанда

⁴ Елді мекеннің түрі туралы мәліметтері көрсетілмеген тұлғалар осы көрсеткіштің талдауына кірмеді.

⁵ <https://population.un.org/wpp/Download/Standard/Population/>

⁶ Ағымдағы тұрғылықты жері бойынша Шығыс Қазақстан облысында тұратын респонденттер Шығыс макро-өңірге, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында тұратындар – Батыс өңірге, Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұратындар – Солтүстік өңірге, Қарағанды облысында тұратындар – Орталық өңірге, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тұратындар – Оңтүстік өңірге жатқызылды. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары жеке санатқа шығарылды.


басқа өңірлермен салыстырғанда Қазақстан мен Өзбекстанда туғандардың үлесі жоғарырақ. Елордалық өңірлерде (Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туғандардың үлес салмағы 5%-тен кем болды.

Қазақстан Республикасына келген мигранттардың арасында әрбір жас тобында жасы үлкенірек топқа қарағанда халықтың саны мен үлесінің азайғаны байқалады. 1950 жылы туған және жасы одан да үлкен халықтың арасында әрбір бесінші респондент Қазақстан Республикасынан тыс жерде – Ресейде, Өзбекстанда, Әзірбайжанда, Арменияда, Грузияда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Латвияда, Литвада, Молдовада, Польшада, Эстонияда және т.б. жерлерде дүниеге келген, ал 1960, 1970 және 1980 жылдары туған ұрпақтардың арасында басқа елден шыққан адамдардың үлесі 10%-тен кем. Қазақстан Республикасында тумаған, бірақ осында өмір сүретіндердің ең аз үлесі 18-29 жас аралығындағы жастар арасында – 3,4%.

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі денсаулықтың объективті сипаттамалары туралы ақпарат бермесе де, респонденттердің субъективті денсаулығының ерекшеліктерін, оның ішінде олардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық мәртебесіне байланысты ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу деректері Қазақстандағы денсаулығы жақсы және өте жақсы респонденттердің үлес салмағының жасына қарай болжалды төмендеуін көрсетеді (1-сурет). Мысалы, ерлерде бұл көрсеткіш 18-19 жас тобы үшін 96,7%-тен 70 жас және одан жоғары жас тобы үшін 38,7%-ке дейін өзгереді. Алайда, тіпті ең үлкен жас тобында респонденттердің 6,8%-і ғана өз денсаулығын нашар немесе өте нашар деп бағалайды, ал жартысынан астамы оны нашардан гөрі қанағаттанарлық деп санайды. Әйелдерде өзгеріс тиісті жас топтарында 94,3%-тен 23,5%-ке дейінгі аралықта орын алып, 70+ жас тобында респонденттердің 20%-інен астамы өз денсаулығын нашар деп бағалайды.

Өмір сүру ұзақтығының үлкенірек болуына қарамастан, әйелдердің ер адамдарға қарағанда өз денсаулығының жағдайын нашарырақ деп бағалауы тек Қазақстан үшін ғана емес, мысалы, Ресей үшін де тән. Бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттеген ресейлік зерттеушілер бұл



1-сурет – Денсаулығы жақсы және өте жақсы респонденттерді жынысы мен жас топтары бойынша бөлу, %

айырмашылықтарды ер адамдардың дәрігерге баруды және ауру қайтыс болу ықтималдығы өте жоғары қауіпті сатыға өткенге дейін емделуді қаламайтындығымен түсіндіреді. Алайда, өмір сүру ұзақтығының, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының ұқсас көрсеткіштеріне қарамастан, ресейліктер мен қазақстандықтардың арасында денсаулық жағдайын субъективті бағалаудағы айырмашылықтар үлкен. Қазақстандықтар өз денсаулығының жағдайын ресейліктерге қарағанда әлдеқайда жақсы деп бағалайды және бұл көрсеткіш бойынша Швейцария немесе Скандинавия елдері сияқты ең дамыған елдерге жақын. Оған қоса, «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің респонденттері арасында созылмалы аурулардың таралуы өте төмен – кіріс деңгейі салыстырмалы түрде бірдей елдерге қарағанда әлдеқайда төмен болып шықты.

ДІНДАРЛЫҚ ПЕН ДІНИ НАНЫМ

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің мәліметтері бойынша, 18-79 жас аралығындағы сұралғандардың 63%-і өздерін мұсылман, 27%-і – христиан, 6%-і – басқа діндерді ұстанушы десе, 4%-і өздерін агностиктерге, атеистерге жатқызады немесе жауап беруден бас тартқан. Халықтың жас жағынан діни нанымдар бойынша бөлінуі Қазақстан Республикасының тарихи-географиялық дамуының ерекшеліктерін көрсетеді: Қазақстанға КСРО-ның басқа республикаларынан келгендердің үлесі көбірек болатын жасы үлкен адамдардың арасында христиандардың үлесі жоғары, ал мұсылмандар оларға қарағанда әлдеқайда жас. Жасы 70 және одан жоғары халықтың арасында христиандар 56%-ті және мұсылмандар 36%-ті құраса, 60-69 жастағы топта бұлар тең дерлік (шамамен 45% христиан және тура осынша мұсылман), ал жастар арасында (18-29 жас) мұсылмандар 73% пен христиандар 18% болып отыр. Өңірлер тұрғысынан алып қарасақ, Ресеймен шектесетін Солтүстік және Шығыс макроөңірлерде христиандардың үлес салмағы мұсылмандардыкінен асып түседі, Орталық макроөңірде екі үлес шамамен тең (мұсылмандар сәл басым), ал Оңтүстік және Батыс макроөңірлерде, сондай-ақ Нұр-сұлтан және Алматы қалаларында мұсылмандардың үлесі едәуір жоғары. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстанның өзінде ең жас жастағы топта мұсылмандардың үлесі христиандардың үлесінен жоғары. Жасы 70-тен асқан халықтың арасында соншалықты қатты байқалмаса да, ауылдық жерлерде барлық жас топтарында мұсылмандар басым.

Сауалнамаға қатысқан адамның діндарлық дәрежесін ол өзін қаншалықты діни деп санайды деген сұраққа жауап ретінде респонденттің өзі анықтаған⁷. Жастары 18-79 жас аралығындағы қазақстандықтардың 13,4%-і өздерін өте діндар, 28,8%-і – діндар, 34,8%-і – орташа діндар, 14,4%-і – дінге аз берілген және 6,7%-і өздерін дінге берілмеген деп санайды. Жалпы ауыл халқына қарағанда қала халқының діндарлығы төмен. Өңірлік тұрғыдан алғанда, өте діндар респонденттердің ең үлкен үлес салмағы Оңтүстік макроөңірде (41,7%), ал ең кішісі, әсіресе 40-69 жас тобында – мегаполистерде (9,6%; алайда, сонымен бір уақытта, келесі топтың – діндар адамдардың – ең үлкен үлесі де осында – 39,7%) және Солтүстік өңірде (13,4%). Жасы 18-29-дағы жастар арасында діннің рөлі туралы пікірлер басқа жас топтарымен салыстырғанда анағұрлым поляризацияланған: олардың арасында дінге аз берілген (13%) және өте діндар адамдардың үлесі (27,6%) салыстырмалы түрде жоғары. Өте діндар адамдардың ең үлкен үлесі ауыл жастары (18-29 жас) арасында байқалады – 37%-тен астам, ал Оңтүстік Қазақстанда олардың үлесі 45%-ке жетеді.

⁷ 11 балдық шкала бес топқа қайта бөлініп, жауап беруге қиналғандар бөлек алынды (олар бүкіл іріктемеде 1,9% құрады).

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ НЕКЕЛІК-СЕРІКТЕСТІК МӘРТЕБЕСІ

Қазақстан Республикасында «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі өткізілген кезде халықаралық ұсынымдарға сәйкес міндетті түрде неке одағының ресми не дәстүрлі нысаны ретінде тіркелмеген респондент пен басқа адамның арасындағы тұрақты жыныстық қатынастарды білдіретін **серіктестік** санаты пайдаланылды, бұл олардың некелік-серіктестік мәртебесінің 7 санатын (Статистика комитеті белгілеген неке жағдайының санаттарынан бөлек) талдауға мүмкіндік берді⁸. Осылайша, мысалы, дәстүрлі тіркелген некеден басқа тіркелмеген неке (бірге тұрушылық) сияқты және серіктер бөлек үй шаруашылықтарында тұратын «LAT-қатынастар» деп аталатын некенің балама нысандары да қарастырылды.

Алынған нәтижелерге сәйкес, **басқа үй шаруашылығында тұратын серіктердің сирек жағдайларын қоспағанда (3%), ерлердің 65%-і мен әйелдердің 57%-інде тұрақты серік бар.** Алайда, респонденттің жасына қарай ерлер мен әйелдер арасында айқын айырмашылықтар байқалады. Ерлердің арасында ең жастары (18-29 жас) мен ең үлкендерінен (70 жас және одан жоғары) басқа барлық жаста серігі бар адамдардың үлесі 70%-тен асады. Жасы 18-29-дағы жігіттердің тек үштен бірінде ғана серігі бар. Әйелдердің жағдайы өзгеше: 18-29 жастағы қыздардың жартысында серігі бар, және серігі бар әйелдердің үлесі 39 жасқа қарай ең жоғары (шамамен 75%), ал содан кейін бұл үлес бірқалыпты және айтарлықтай тез азаяды, солайша 70 жастағы және одан үлкен әйелдердің тек бестен бірінде ғана серігі бар көрінеді (сол жастағы серігі бар еркектердің 67,3%-імен салыстырыңыз). Мұның себебі әйелдердің жесірлігінде: 60-69 жаста әрбір үшінші әйел жесір болса, 70 және одан жоғары жаста – әрбір екінші әйел жесір.

Бір үй шаруашылығында серігімен бірге тұратын қазақстандықтардың арасындағы бейресми одақ – елде сирек құбылыс (тіркелмеген некеден ерлердің 7%-інен және әйелдердің 8%-інен кемі тұрады). Тіркемеген неке ең жас (18-29 жастағы) ерлерде (8,5%) және кемел жастағы (40-49 жас) әйелдерде (10,1%) жиірек кездеседі.

Жалпы алғанда, ерлердің 93%-і мен әйелдердің 92%-і үшін бір үй шаруашылығында серігімен бірге тұру деген дәстүрлі тіркелген некені білдіреді және отбасылық-некелік қатынастардың әлдебір күрт түрленуі байқалмайды.

БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі тек қана әйелдерде ғана емес, ерлерде де туған балалар саны бойынша маңызды деректердің бірегей көзі болып табылады, себебі халық санағы мен іріктемелі зерттеулердің көпшілігі бұл көрсеткішті ерлерде қарастырмайды. Әрбір респондентте туған балалардың орташа саны екі жыныс үшін 1,61 құрайды: ерлерде 1,52 және әйелдерде 1,69. Алайда, сауалнамаға қатысушылардың көбі жастығына байланысты ұрпақ жалғастыру ниеттерін жүзеге асырудан әлі алыс болғандықтан, бұл деректерді пайдалану толығымен дұрыс деп айтуға болмайды. Есептің төртінші бөлімінде егжей-тегжейлі талданғандай, әйелдің белгілі бір жасына қарай туған балалардың санын жеке қарау дұрыс сияқты.

⁷ 1) заңды некеден, 2) тіркелмеген некеден, 3) серігі бар, бірақ бөлек өмір сүреді (LAT), 4) ажырасқан, айырылысып кеткен, 5) жесір, 6) ешқашан серігі болмаған, 7) серігі болған, одақтың нәтижесі белгісіз.

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ, ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінде әрбір респондент бір үй шаруашылығының атынан жауап берді, демек, зерттеу Қазақстан Республикасының **14829** үй шаруашылығы туралы деректерді қамтиды.

Бірге тұратын мүшелердің саны бойынша үй шаруашылықтарының құрылымы онда 2-3 мүшеден тұратын үй шаруашылықтарының басым болуымен сипатталады. **Үй шаруашылығының орташа мөлшері – 3,3 адам.** Алайда, жас топтары тұрғысынан үй шаруашылықтарының құрылымы әртүрлі: 30-39 жастағы әрбір үшінші қазақстандық кеңейтілген үй шаруашылығында (5 адамнан астам) тұрса, 70 және одан жоғары жастағы әрбір екінші респондент жалғыз басты үй шаруашылығында тұрады.

Бірге тұратын мүшелердің саны бойынша үй шаруашылықтарының құрылымы өңірге қарай айтарлықтай өзгереді. Мүшелерінің саны 5, 6 және одан да көп болатын кеңейтілген үй шаруашылықтары Қазақстанның Оңтүстік (14,7% және 23,5%) және Батыс (11,1% және 13,0%) өңірлерінде ең көп таралған болса, жалғыз басты үй шаруашылықтары Шығыс (31%) және Орталық (26,4%) өңірлерге тән. Солтүстік Қазақстан мен елордалық өңірлерде 2-3 мүшелі үй шаруашылықтары басым (25,2% және 25,7%-пен салыстырғанда 29,7% және 21,7%).

Сауалнамадағы үй шаруашылығының құрамына қатысты сұрақтар блогының негізінде осы есептің авторлары үй шаруашылықтарында жұбайының/серігінің, 18 жасқа толмаған балаларының және туыстарының болуына немесе болмауына қарап, олардың 8 түрден тұратын демографиялық типологиясын жасады.

Алынған нәтижелерге сәйкес, әрбір төртінші қазақстандық туысы жоқ балалы жұптан тұратын үй шаруашылығында, яғни балалы нуклеарлық отбасында тұрады. Жалғыз басты үй шаруашылығында тұратын адамдардың үлесі де жоғары – 18,6%. Серіксіз және баласыз, бірақ туыстарымен бірге тұратын респонденттердің үлесі 14%-ті құрады. Қазақстандағы үй шаруашылықтарының құрылымында бір мезгілде респонденттің серігі де, 18 жасқа толмаған балалары да, туыстары да бар үй шаруашылықтары 12,8%-ті құраса, балалары мен туысы жоқ нуклеарлық отбасылардың үлесі де сол шамалас – 12,4%. Респондент серігі мен туыстарымен бірге тұратын, бірақ 18 жасқа толмаған балалары жоқ үй шаруашылықтарының үлес салмағы 9,3%-ті, 18 жасқа толмаған балалары мен туыстарымен бірге тұратын жалғыз басты ата-аналардың үлес салмағы 5,5%-ті құрады. Сұралғандардың 3%-тен кемі 18 жасқа толмаған балалары бар жалғыз басты ата-аналардың үй шаруашылығында, бірақ туыссыз тұрады.

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

БІЛІМ БЕРУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. 2013-2017 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ШЫҒЫНДАРЫ ЖІӨ-НІҢ **2,8-2,9%-ІН ҚҰРАҒАНЫН** атап өту қажет, БҰЛ РЕСЕЙГЕ ЖӘНЕ ЕЭО ЕЛДЕРІ БОЙЫНША ОРТАША КӨРСЕТКІШКЕ ҚАРАҒАНДА ЖОҒАРЫ. Қазақстанның білім беру шығыстары бойынша Қырғызстан мен Беларусьтен біршама қалып келе жатқанына қарамастан, білім деңгейінің индексі бойынша⁹ Қазақстан Республикасы ЕЭО елдері арасында рейтингінің ортасында тұр, бұл осы саладағы шығыстардың жеткілікті түрде тиімді жұмсалып отырғандығын көрсетеді [Мизинцева, Чавыкина, 2017].

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректері бойынша, Қазақстанның ересек халқының үлкен бөлігінің (60,2%) жалпы орта немесе орта кәсіби білімі бар, үштен бір бөлігіне жуығында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және 8,5%-інде тек бастауыш немесе одан төмен білімі бар. Жас топтары тұрғысынан білім берудің едәуір жоғары деңгейі 18-29 жастағы және әсіресе 30-39 жастағы тұлғаларға тән. Жас ұрпақтарда олардың ата-аналары, әжелері мен аталарының ұрпақтарына қарағанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға деген мүмкіндіктері көбірек.

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Ресми статистика деректеріне сәйкес, ЕЭО-ға мүше елдердің арасында халықтың экономикалық белсенділігінің ең жоғары деңгейлерінің бірі Қазақстан Республикасына тән (70%); ЕЭО елдері арасындағы одан да жоғары көрсеткіш тек Беларусьте байқалған [Статистический ежегодник ЕАЭС, 2018]. Жұмыспен қамту деңгейінің 2013-2017 жылдары елеусіз төмендегеніне қарамастан, Қазақстанда тіркелген жұмыссыздық деңгейі ЕЭО елдері арасында ең төмен және зерттеу кезеңінде де қосымша азайды [Статистический ежегодник ЕАЭС, 2018].

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректеріне сүйенсек, **Қазақстанның 18-79 жастағы жалпы халқы санындағы экономикалық белсенді халықтың үлесі 76,5%-ке тең**, бұл тіпті ресми деректерден де біршама жоғары. Сонымен қатар, ҰГ зерттеуінің деректерін жұмыссыздық пен жұмысбастылық көрсеткіштерін талдау үшін пайдалану толығымен дұрыс деуге болмайды, себебі бұл көрсеткіштерді өлшеу әдіснамасы ресми статистикада қабылданғандардан өзгеше, және зерттеудің өзі де басқа мақсаттарда жүргізілген. Бұл зерттеуде кейінірек әлеуметтік-демографиялық мінез-құлықтың белгілі бір модельдерін – балалы болу туралы шешім қабылдауды, ұрпақаралық және гендерлік қарым-қатынастарды түсіндіру мақсатында респонденттің өз анықтауы бойынша сауалнама жүргізілген мезеттегі ағымдағы негізгі мәртебесі өлшенеді.

Қызмет түрі бойынша сауалнама респонденттерінің жартысынан астамы (51,4%) жалдамалы жұмыспен қамтылғандар, 6,2%-і – өз бетінше жұмыспен айналысатындар немесе отбасылық бизнесте жұмыспен қамтылғандар, 6,0%-і – студенттер, 17,1%-і зейнеткерлер және ұзақ

⁹ Ересек халықтың сауаттылық индексі және білім алып жатқан оқушылардың жиынтық үлесінің индексі ретінде есептелетін БҰҰ Даму бағдарламасының индексі: <http://hdr.undp.org/en/content/education-index>

уақыттық науқастар болып табылатын болса, халықтың жалпы санындағы жұмыссыздардың үлесі де шамамен осындай. Әйелдер арасында жалдамалы жұмыспен қамтылғандардың және өз бетінше жұмыспен айналысатындардың үлес салмағы төменірек, ал жұмыссыздар мен үй шаруасындағылардың, зейнеткерлер мен ұзақ уақыттық науқастардың үлесі жоғарырақ. Ауылдық жерлерде жалдамалы жұмыспен қамтылған халықтың үлесі біршама төмен, ал өз бетінше жұмыспен айналысатындар мен отбасы бизнесінде жұмыспен қамтылғандардың, сондай-ақ жұмыссыздар мен үй шаруасындағы әйелдердің үлесі жоғары.

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ КІРІСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Жалпы алғанда, іріктеме бойынша 60-69 жас тобы мен 70 және одан жоғары жас тобынан басқа барлық жастағы топтарда респонденттердің ең көп таралған кіріс көзі төленетін жұмыстағы табыс болып табылады (оны барлық респонденттердің **55,8%-і** көрсетті). Үлкен жастағы топтарда – 60-69 жастағы тұлғалардың **80,3%-і** үшін және 70 және одан жоғары жастағы респонденттердің **96,0%-і** үшін кірістің негізгі көзі зейнетақы болып табылады.

Респонденттердің жеке кірістеріне (барлық көздерден) ең үлкен үлес қосатын ақы төленетін жұмыстағы табыс (жалпы алғанда іріктеме бойынша 81,0%) болса, респонденттің кірісіне қосатын үлес бойынша екінші кіріс көзі – зейнетақы (13,3%); жәрдемақылардың қарастырылған барлық басқа түрлерінің (мүгедектік, жұмыссыздық бойынша және т.б.) респонденттердің жалпы кірісіндегі үлесі өте елеусіз. 2018 жылғы Статистика комитетінің деректері де жұмыспен қамтылудан түсетін кірістердің басым екенін және халықтың ақшалай кірісі құрылымындағы зейнетақының салмақты үлесін көрсетті. Кірістерді көздері бойынша мұндай бөлу барлық ЕЭО елдеріне тән, және Қазақстанда жұмысбастылықтан түсетін кірістің үлесі – ЕЭО-ға мүше елдердің арасында ең жоғары көрсеткіштердің бірі [Статистический ежегодник ЕАЭС, 2018].

Респонденттердің орта есеппен жан басына шаққандағы кірістің квинтильдері (20 проценттік топтар) бойынша бөлінуін талдау көрсеткендей, кіріс төмендігінің ең үлкен тәуекелдері балалары мен туыстары бар жалғыз басты ата-аналарға тән (мұндай үй шаруашылықтарының 28,6%-і жан басына шаққандағы кірістің бірінші квинтильде, ал 46,8%-і – екінші квинтильде шоғырланған). Балалары мен туысы жоқ жұптар (мұндай үй шаруашылықтарының 36,1%-і төртінші квинтильде, ал 26,5%-і – бесінші квинтильде орын алған), сондай-ақ балалары бар, бірақ туысы жоқ жұптар (үй шаруашылықтарының 29,2% і мен 30,6%-і тиісінше төртінші және бесінші квинтильде шоғырланған) неғұрлым қамтамасыз етілген болып табылады.

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МҮЛІКТІК ҚАМТАМАСЫЗДЫҒЫ

Үй шаруашылығының материалдық әл-ауқатын субъективті бағалау кезінде респонденттердің төрттен бірі өзінің материалдық жағдайын қиын деп санайды және тағы бестен екісі кейбір қиындықтардың бар екендігін атап өтеді. Туыссыз және 18 жасқа толмаған балаларымен бірге тұратын жалғыз басты ата-аналардың үй шаруашылықтары материалдық қиындықтарға қалғандарынан жиі ұшырайды.

Депривациялардың тұрғысынан «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің нәтижелері респонденттердің жыл сайынғы бір апталық демалыс сапарына төлейтін кезде және ескі жиһазды ауыстыратын кезде ең қатты қиналатынын көрсетті. Абсолюттік көпшілігі үйде жеткілікті жылу деңгейін қамтамасыз ету мен жаңа киім сатып алуға қиналмайды; қалауы бойынша күнара етпен, тауықпен немесе балықпен тамақтануға мүмкіндігі бар. Достарын немесе отбасын қонаққа айына кем дегенде бір рет халықтың бестен төрті шақыра алады. Өздерін жылумен және толыққанды тамақтану рационымен қамтамасыз етуден бөлек, 70 жастан асқан халық өзін депривацияланған болып сезінеді, бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, мысалы, Ресей үшін де тән. Туыссыз және 18 жасқа толмаған балаларымен бірге тұратын жалғыз басты ата-ана отбасыларының аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері ең аз болып отыр.

Жалпы халық арасында кешіктірілген төлемдері бар адамдардың үлесі айтарлықтай төмен. Берешектің басқа түрлерінен гөрі адамдар коммуналдық төлемдерді көбірек кешіктіреді (14%). Тұрғын үй несиелері мен тұрғын үйді жалдау бойынша кешіктірілген төлемдер жоқтың қасы. Мерзімі өткен төлемдер 18 жасқа толмаған балаларымен бірге және туыссыз тұратын жалғыз басты ата-аналардың үй шаруашылықтары арасында байқалады.

Осылайша, кіріс деңгейі мен материалдық-мүлдік қамтамасыздықтың әртүрлі критерийлерін пайдалану осалдықтың ең жоғары тәуекелі басқа туысы жоқ және 18 жасқа толмаған балаларымен бірге тұратын жалғыз басты ата-аналардың үй шаруашылықтарына тән екендігін көрсетті. Сонымен қатар, басқа туысы жоқ балалы үй шаруашылықтарында, балалары мен басқа да туыстары бар толық емес отбасыларында және үлкен жастағы жалғыз басты үй шаруашылықтарында бірқатар көрсеткіштер бойынша осалдықтар тәуекелі жоғарырақ болады.

30-39 жастағы респонденттердің мүлдік қамтамасыздығы басқа жас топтарынан жоғары, олардың меншігіндегі жылжымайтын мүлдік орташа нарықтық құны басқа топтардыкінен жоғары. Ең аз қамтамасыз етілген топтар – 18-29 жас аралығындағы жастар мен 70 және одан жоғары жастағы егде адамдар. Жылжымайтын мүлдік ең төмен орташа нарықтық құны 18 жасқа толмаған балаларымен бірге серіксіз/жұбайсыз және туыссыз тұратын респонденттерде, ал ең жоғары орташа нарықтық құны – жалғыз тұратын адамдарда байқалады.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан жинақтаушы зейнетақы реформасы ересек халықтың елеулі бөлігіне қандай да болмасын қаражат жинап алуға мүмкіндік берді. Жинақ ақшаны сақтаудың ең жиі қолданылатын нысандары зейнетақы шоттары (40,8%) мен банк депозиттері (19,6%) болып табылатыны кездейсоқ емес.

29 жасқа дейінгі жастар мен зейнеткерлік жастағы халық арасында дербес зейнетақы шоттары бар адамдардың үлесі 30-59 жастағыларға қарағанда төмен. Мұндай шоттар Орталық Қазақстанда және Нұр-сұлтан мен Алматы қалаларында кең таралған, ал Шығыс Қазақстанда ең аз таралған. Респонденттің жан басына шаққандағы орташа кірісі неғұрлым жоғары болса, оның зейнетақы шоты соғұрлым жиі болады.

Банктік немесе қысқа мерзімді шоттар, жинақ салымдары (депозит) 30-39 жастағы адамдарда жиірек және 50 жастан асқан адамдарда сирегірек болады. Қаражаттарын банк депозиттерінде республикалық маңызы бар қалаларда, Орталық және Оңтүстік Қазақстанда тұратын адамдар жиірек және Шығыс Қазақстанда тұратын адамдар сирегірек сақтайды. Мұндай жинақтар неғұрлым қамтамасыз етілген респонденттер арасында көбірек таралған.

Қазақстанда акцияларды, мемлекеттік немесе корпоративтік облигацияларды ұстау тәжірибесі таралмаған: мұндай активтер сұралғандардың тек 1%-іне жуығында ғана бар.

ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Респонденттердің жартысына жуығы 2 не 3 бөлмеден тұратын үйлерде тұрады. Туыстарымен бірге тұратын балалы жұптар басқа үй шаруашылықтарының типтерінен гөрі жиірек 5 және одан да көп бөлмелі үйлерде тұрады, бұл респонденттердің тұрғын үймен қамтамасыз етілгендігін көрсетеді. Үлкен үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайының салыстырмалы қысылтаяндығы Шығыс және Орталық Қазақстанда, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда – Нұр-Сұлтан мен Алматыда байқалады. Мұнда 5 және одан да көп адамнан тұратын ірі үй шаруашылықтары басым жағдайда үш бөлмелі тұрғын үйде тұрады. Оңтүстік және Батыс Қазақстанда мұндай үрдіс байқалмайды.

Респонденттердің тұрғын үйлері көбінесе өз меншіктерінде **(81,9%)**. Тұрғын үйді жалға бәрінен жиірек 18-29 жастағы респонденттер **(26,4%)**, туыссыз 18 жасқа толмаған балаларымен бірге тұратын жалғыз басты ата-аналар **(26,9%)** және туыстары жоқ балалы жұптар **(19,9%)** алады. Қазақстанның елордалық қалаларында – Нұр-Сұлтан мен Алматыда тек бестен үш респондент, ал Орталық Қазақстанда – төрттен үш респондент өзінің жеке-меншік баспанасында тұрады. Басқа өңірлерде бұл үлес орта есеппен 86,9%-ке тең.

Респонденттердің жартысына жуығы қазір тұрып жатқан үйлерінде 15 жылдан астам уақыт тұрған болса, 70 жастан асқан адамдардың жартысы онда 30 жылдан астам өмір сүріп келеді. Тұратын жерін басқа жас топтарына қарағанда жастар жиі ауыстырады. Атап айтқанда, өз туыстарының үй шаруашылығында жас ер адамдарға қарағанда жас әйелдер сирек қалады. Жас отбасылар бала туғаннан кейін де туыстарымен бірге тұра береді, ал жұбайының/серігінің үйіне көшіп баратын – қыздар.

Респонденттердің оннан бір бөлігі ғана өздерінің тұрғын үй жағдайымен қанағаттанбайтындығын атап өтті. Сонымен қатар, сұралғандардың жартысы өз баспаналарына толық қанағаттанып отыр. Үй шаруашылығында 18 жасқа толмаған адамдар мен балалар саны көп болған сайын өз тұрғын үй жағдайларына толық қанағаттанып отырған респонденттердің үлесі соғұрлым өседі. Туыстарымен, серігімен/жұбайымен және балаларымен бірге тұратындардың арасында өз тұрғын үй жағдайына толық қанағаттанып отырған адамдардың үлесі жоғарырақ (65,4%).

2. ЖАСТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ




Қазақстан Республикасының халқы салыстырмалы түрде жас. 2018 ж. жүргізілген «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі осы әлеуметтік топтың негізгі әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларын талдауға мүмкіндік береді. Осы есептің мақсаттарында бұл жас тобына 18-29 жастағы, яғни 1989-2000 жж. туған респонденттер жатқызылды (**3978** адам немесе 18-80 жастағы сұралғандардың 27%-і).

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректеріне сүйенетін болсақ, Қазақстан Республикасындағы жастардың басым көпшілігі (**72,8%**) – мұсылман, **17,9%**-і – христиан, **6,0%**-і басқа діндерді ұстанады және **3,4%**-і діндар емес немесе діндарлық туралы сұраққа жауап беруден бас тартты. Жастардың діни сенім бойынша бөлінуі өңірге қатты байланысты. Мұсылман жастардың ең үлкен үлес салмағы (80%) Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары мен Оңтүстік макроөңірде байқалады. Солтүстік, Шығыс және Орталық макроөңірлерде мұсылман жастардың үлесі жартыдан сәл астам. Бұл өңірлерде өздерін христиандарға жатқызатын жастардың үлесі жоғары: Шығыс және Орталық макроөңірлерде шамамен үштен бір бөлігі және Солтүстік макроөңірде жартысына жуық (43%).

Діндарлық дәрежесі бойынша Қазақстан Республикасындағы жастар жалпы халықтан айтарлықтай ерекшеленбейді. 18-29 жастағы ер адамдар осы жастағы әйелдерге қарағанда діндар. Ауылдық жерлерде жастардың үштен бірінен астамы (37,8%) өздерін өте діндар санайды, алайда мұндағы діндар емес жастардың үлесі қалаға қарағанда жоғары (тиісінше, 7,4% және 4,9%). Өңірлік айырмашылықтар өте айқын: Оңтүстік макроөңірде жастардың жартысы дерлік (45,0%) өте діндар және 20%-ке жуығы діндар болса, Солтүстік макроөңірде бұл топтар тиісінше жастардың жалпы санының 10,2% және 29,5%-ін құрайды (2-сурет). Елордалық өңірлерде барлық макроөңірлердің арасындағы өте діндар жастардың ең төмен үлесі (8,6%) мен діндар жастардың айтарлықтай жоғары үлесі (37,5%) байқалады.

Отбасылардың белсенді қалыптасу кезеңі 18-29 жас аралығына келеді: жастар некелесіп, балалы болады. Сонымен қатар, «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректеріне сәйкес, 18-29 жастағы адамдардың жартысынан азында (**42,4%**) серігі бар, бұл жалпы халыққа қарағанда төмен. Сонымен қатар, елордалық өңірлерде (Нұр-Сұлтан және Алматы) серіксіз жастардың үлесі айтарлықтай жоғары, бұл елордалық жастардың үйлі болуды кейінге қалдыра отырып, білім алуға және мансап қууға көбірек көңіл бөлетініне байланысты болса керек. Сонымен бірге, он жағдайдың тоғызында бірге тұратын жастар заңды некеде болады, бұл жалпы алғанда іріктеме бойынша ұқсас көрсеткішке сәйкес келеді. Неке тіркеместен бірге тұру көбінесе қалалық жерлерде, сондай-ақ діндар емес жастардың арасында жиі кездеседі. Халық санақтарының деректері бойынша жастардың неке мәртебесін еларалық салыстыру нәтижелері Қазақстан Республикасында некеде тұрған 20-29 жастағы ерлер мен әйелдердің үлесі басқа ТМД елдеріне қарағанда төмен екенін, ал ажырасқан және айырылысып кеткен жастардың үлесі өте аз екенін көрсетеді [Щербакова, 2014].




2-сурет – 18-29 жастағы адамдарды діндарлық дәрежесі бойынша макроөңірлер бойынша бөлу, %

Қазақстан Республикасындағы жастар білімнің айтарлықтай жоғары деңгейімен және еңбек нарығына өте белсенді қатысуымен сипатталады. Зерттеу деректері бойынша, **жастардың үштен бірінің (34,1%) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, жартысынан астамының (57,6%) жалпы орта немесе орта кәсіби білімі, ал 8,3%-інің тек бастауыш немесе одан төмен білімі бар.** Оған қоса, 18-29 жастағы тұлғалардың төрттен біріне жуығы (22,2%) орта кәсіби және жоғары оқу орындарының студенттері болып табылады, демек, қарастырылып отырған ұрпақтардың білім алу әлеуеті одан да жоғары.

Зерттеу деректеріне сәйкес, жастардың жалпы санындағы жұмысбасты тұлғалардың (жалдамалы жұмыстағылар мен өз бетінше жұмыспен айналысатындардың) үлесі 54,3%-ті құрады. Жастардың төрттен бір бөлігі дерлік (23,5%) жұмысбастыларға да, студенттерге де жатпайды: бұл санатқа жұмыссыздар, үй шаруасындағы әйелдер, ұзақ уақыттық науқастар, мүгедектер және басқа жұмыссыздар кіреді (3-сурет).

Жастардың білім алу және еңбек мәртебесінде елді мекенге және өңірге байланысты айырмашылықтар бар. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастардың үлес салмағы қалада 40%-тен асатын болса, ауылда – төрттен бір бөлігінен кем (23,4%). Жастардың білім деңгейі мен жұмысбастылығы тұрғысынан неғұрлым қолайлы жағдай елордалық өңірлерде, Орталық және Шығыс Қазақстанда қалыптасқан. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 18-29 жастағы адамдардың жартысынан астамының жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, ал жастардың үштен бір бөлігі дерлік (31,3%) студент болып табылады. Оңтүстік Қазақстандағы жағдай нашарлау: мұнда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар 18-29 жастағы тұлғалардың үлесі ең төмен (26%) және керісінше бастауыш және одан төмен білімі бар тұлғалардың үлесі ең жоғары (12,6%); жұмыссыздар мен үй шаруасындағы әйелдердің үлесі ең жоғары және өз бетінше жұмыспен айналысатындардың үлесі айтарлықтай үлкен. Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырып отырған халықтың білімге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту жөніндегі бастамаларға қарамастан, оған қол жеткізудегі теңсіздік Ресеймен және Шығыс және Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда әлі де айтарлықтай жоғары деңгейде сақталып отыр. Ең алдымен көбінесе ауылдық жерлерде, оның ішінде Оңтүстік Қазақстанда тұратын кірісі төмен отбасыларынан шыққан адамдардың білім алу мүмкіндіктері шектеулі.




3-сурет – 18-29 жастағы халықтың қызмет түрі бойынша құрылымы, %

Жұмысбастылар ауылдан гөрі қалада көп. Өңірлер тұрғысынан жұмыс істейтін жастардың ең көп үлесі Шығыс (**64,6%**) және Солтүстік макроөңірлерде (64,3%), сондай-ақ Орталық (**61,8%**) және Батыс макроөңірлерде (**61,0%**) шоғырланған. Жұмысбастылықтың ең төмен деңгейі Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары (49,8%) мен Оңтүстік макроөңірде (47,8%, оның ішінде жалдамалы қызметкерлер – 41,1%) байқалады. Өңірдің екеуінде де студенттердің үлесі салыстырмалы жоғары (тиісінше 31,2% және 23,2%), ал Оңтүстік өңірде – жұмыспен қамтылмағандардың үлесі де жоғары (26,1%).

Жұмыспен қамтылмаған жастардың әлеуметтік бейіні де әр өңірде әртүрлі. Оңтүстік өңірде олардың арасында білімдерінің төмендігіне байланысты, сондай-ақ жұмыс орындарының тапшылығына (әсіресе ауылдық жерлерде) байланысты жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болатын білім деңгейі төмен жас адамдар көбірек. Қалалар мен мегаполистерде жұмыспен қамтылмаған халықтың құрамында жоғары білімді жастар жиі кездеседі, олардың арасында балалары бар тұрмыстағы әйелдер жеке топты құрайды. Соңғы санаттың жұмыспен қамтылмауы еріксіз ғана емес (лайықты жұмыс орындарының немесе мектепке дейінгі қол жетімді мекемелердің болмауына байланысты), ерікті болуы да мүмкін (отбасындағы гендерлік рөлдер туралы кертартпа ұғымдардың басым болуына байланысты: күйеуі – асыраушы, әйелі – үй иесі мен ана).

Жастардың табысы бойынша саралануы көбінесе олардың білім деңгейі мен еңбек нарығындағы жағдайына, сондай-ақ олардың отбасылық жағдайына – ата-анасымен, серігімен бірге тұратын-тұрмайтынына, балалары бар-жоқтығына да байланысты. Қалған халықпен салыстырғанда осы жас тобы арасында ешқандай табыс көздерін көрсетпеген адамдардың үлесі жоғары, бұл ата-анасымен бірге тұрумен, орта кәсіби және жоғары оқу орындарында оқумен және белгілі бір жасқа дейін жұмыстың болмауымен түсіндіріледі. Ерлер арасында кірісі жоқ тұлғалардың үлес салмағының серпіні жұмысбастылықтың серпінін қайталайды: 21 жасқа қарай бірден 60%-тен төмен деңгейге және 24 жасқа қарай шамамен 20%-ке дейін түседі. Әйелдерде қарастырылып отырған көрсеткіш анағұрлым бірқалыпты, секіріссіз азаяды және 29 жасқа дейін ешқашан 40%-тен төмен түспейді. Оған қоса, 26-27 жаста кірісі жоқ әйелдер үлесінің артуы байқалады (4-сурет). Бұл әйелдердің некеге тұрып,

бала туғаннан кейін еңбек нарығынан шығуына байланысты. Әйелдердің бір бөлігі еңбек нарығына мүлдем шықпастан және, сәйкесінше, жүктілік пен босануға байланысты ақылы демалысқа деген құқыққа, сондай-ақ бала күтімі бойынша жәрдемақының неғұрлым жоғары деңгейіне ие болмастан некеге тұрып, бала туу мүмкін.



4-сурет – Респонденттердің жалпы санындағы кіріс көзін көрсетпеген респонденттердің үлес салмағы, респонденттің жасына қарай, %

Жастардың жеке кіріс құрылымындағы басым үлесті ақы төленетін жұмыстағы табыс құрайды – 86,2%. Жоғары білімі немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастардың жалақысы жоғарырақ, олардың кірістерінің құрылымында жұмысбастылықтан түсетін кірістің үлес салмағы жоғары, ал басқа да кірістердің үлесі (стипендиялар, табиғи шаруашылықтан түскен кірістер, туыстардан түскен материалдық көмек) жалпы орта немесе орта кәсіби, мектепке дейінгі немесе бастауыш білімі бар адамдардың арасындағыдан төмен. [Елордалық өңірлер мен Батыс Қазақстанда тұратын жастарға салыстырмалы жоғары жалақы тән. Орталық, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы жастардың алатын жалақысы төменірек.](#) Оңтүстік Қазақстанның ерекшелігі – жастардың жеке кірістеріндегі басқа да кірістердің жоғары үлесі.

Шығыс, Батыс және Солтүстік Қазақстанда тұратын жастардың орташа жан басына шаққандағы кірісі салыстырмалы түрде жоғары (онда жалдамалы жұмыс істейтіндердің үлесі де жоғары). Нұр-Сұлтан, Алматы және Орталық Қазақстанда жастардың жан басына шаққандағы кірісі жоғары дәрежеде сараланады. Кірісі тұрғысынан жағдайы төмен болудың ең үлкен тәуекелі Оңтүстік Қазақстанда тұратын жастарға тән, олардың арасында әлдебір кіріс көздерін көрсетпеген респонденттердің жоғары үлесі, жан басына шаққандағы орташа кірістің неғұрлым төмен мәндерге қарай ығысуы (бірінші және екінші квинтиль) және жастардың жеке кіріс құрылымындағы басқа да кірістердің елеулі үлесі байқалады.

Қазақстан Республикасындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бойынша ҰСЫНЫМДАР ретінде төмендегілерді ұсынуға болады.

Біріншіден, орта кәсіби және жоғары білім алуға қолжетімділіктің сақталып келе жатқан шектеулілігі мен теңсіздігін ескерсек, тегін орта кәсіби және жоғары білім беру бағдарламаларын, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа және орта мерзімді оқу курстарын дамытуды жалғастыру өзекті мәселе болып табылады. Жастарды осы сияқты бағдарламалармен қамтуды кеңейту әсіресе оңтүстік өңірлерде және ауылдық жерлерде жас мамандарды жұмысқа орналастыруға септігін тигізіп, жұмыссыздықты азайтуға ықпал ете алады.

Екіншіден, жастар арасындағы жұмыссыздықты қысқарту үшін білім алу әлеуеті жоғары жастарды жұмыспен қамтуды ынталандыратын шаралар қажет.

Үшіншіден, басқа ЕЭО елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда ауылдық жерлерде тұратын жастардың үлесі басым, өмір сүру деңгейіне қанағаттанбағандықтан жастардың ауылдан қалаға қоныс аударуы кең таралған, сондықтан ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру үшін білім беру, мәдени, спорттық, бос уақыт инфрақұрылымын дамыту өте маңызды болып отыр.

Ақырында, христиан және мұсылман діндерінен өзге діндерді ұстанатын жастардың әлеуетті қауіп-қатер аймағында екенін бөлек атап өткен жөн. Жастардың бұл санаты айтарлықтай біртекті емес: олардың арасында жоғары және бастауыш білімі және одан да төмен білімі бар жастар да, жан басына шаққандағы кірісі орташа және төмен тұлғалар да бар. Басқа діндерді ұстанушылардың арасында жұмыссыздар үлесінің жоғары болуы халықтың осы тобының әлеуметтік-экономикалық жағдайының салыстырмалы түрде жайсыз екендігін көрсетеді, бұл жастардың Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік өміріне интеграциялануының әртүрлі дәрежесіне байланысты болуы мүмкін. Оған қоса, мұсылмандармен, христиандармен және дінге сенбейтін жастармен салыстырғанда, басқа діндерді ұстанушылар өз болашақтарының қамын ойламайды. Болашақ жоспарларының болмауы шешімдерді талап ететін ағымдағы проблемаларға, даму перспективаларының айқын еместігіне байланысты болуы ықтимал.

3. НЕКЕЛІК-СЕРІКТІК ҚАТЫНАСТАР, АЖЫРАСУ МЕН ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Қазақстан Республикасы халқының некелік-серіктік құрылымында соңғы 10 жылда айтарлықтар өзгерістер болған жоқ. 2009 жылғы халық санағының деректерімен салыстырғанда, некеде тұратын ерлердің үлесі 2,2 п.п.-ға өскен, ал әйелдер үлесі 1 п.п.-ға азайған (1-кесте), сондай-ақ ешқашан некеде тұрмаған ерлердің үлесі 3,1 п.п.-ға азайып, әйелдердің үлесі 1,2 п.п.-ға өсті. Сонымен қатар, жесірлер үлесінің шамалы төмендегені байқалды: ерлер – 0,3 п.п. және әйелдер – 1,4 п.п. Ажырасқан және айырылысқан ерлер мен әйелдердің үлесі сәл өскен: сәйкесінше, 1,3 п.п. және 1,1 п.п. Бұл ретте жесір әйелдердің үлесі бұрынғысынша тұл ерлердің үлесінен 5 еседен көп асса, некесін бұзған (тіркелген және тіркелмеген) ерлердің үлесінен 2 есеге жуық көп.

1-кесте – Халықты некедегі жағдайы бойынша бөлу, %

Неке мәртебесі	Ерлер		Әйелдер	
	2009	2018	2009	2018
Некеде тұратын	57,1	59,3	52,2	51,2
Жесір/тұл	2,5	2,2	12,7	11,3
Ажырасқан, айырылысқан	3,5	4,8	7,0	8,1
Ешқашан неке құрмаған	36,9	33,8	28,2	29,4

Ескерту – кестеде 2009 жылғы халық санағының [Талдамалы есеп..., 2011, 29-б.] және 2018 жылғы «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректері келтірілген.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі деректерінің негізінде жүргізілген Қазақстан Республикасындағы некелік-серіктік қатынастарды талдау **жынысы мен жасына қатыссыз қазақстандықтар үшін бірлескен серіктестіктің 90%-тен астамы дәстүрлі тіркелген неке болып табылатынын анықтады.** Некелік-серіктік қатынастардың басқа нысандары – бірге тұру, LAT-қатынастар – өте сирек кездеседі. Халық арасында қайталама некелер де онша таралмаған.

Жағдайлардың 98%-інде жастардың отбасылық өмірі «жаңадан» басталады (тұңғыш серіктестік). Одақтың ажырауы жастар арасында өте сирек кездеседі (ерлерде 2%-тен және әйелдерде 3%-тен төмен). Ажырасудың және бұрынғы серігімен айырылысудың ең көп бөлігі 40-49 жастағы топтың және 50-59 жастағы ерлер мен әйелдердің, яғни 1960 және 1970 жылдары туған ұрпақтың үлесіне тиеді. Одақта балалардың болуы ерлі-зайыптылардың/серіктердің ажырасуын тежейтін фактор бола алмайды – елдегі халықтың 85%-тен астамы некеде бақытсыз адамдар тіпті балалары болса да ажыраса алады деген пікірмен келісті.

Серіктердің/ерлі-зайыптылардың ажырасуы мен айырылысуының себебі олардың отбасындағы бірқатар мәселелер бойынша келіспеушіліктері болуы мүмкін. Қазақстандық отбасыларында кездесетін келіспеушіліктер негізінен ақшадан басталады: әрбір бесінші отбасында ерлі-зайыптылар/серіктер арасындағы келіспеушіліктер **қаржылық мәселелер** бойынша туындайды. Қазақстандағы отбасылық жанжалдардың екінші кең таралған себебі балаларды **тәрбиелеу мәселесі** болып табылады – **18,6%**. Одан әрі **жанжалдар бос уақытты өткізуге (15,5%)** және **достармен қарым-қатынастарына (14,7%)** қатысты туады. **Үй шаруаларынан туындайтын даулар** отбасылардың **14%-інде** кездеседі. Әрбір оныншы қазақстандық отбасында жанжалдардың себебі **екі жақтың ата-аналарымен қарым-қатынас** болып отыр. Бала туу мәселесі – серіктер арасындағы ең өзекті емес мәселе (8,5%). Заңды некеге тұрмаған отбасыларында некесін заңды ресімдеген отбасыларына қарағанда жоғарыда аталған барлық мәселелер бойынша (ата-аналарымен қарым-қатынас мәселелері (айырмашылық жоқ) мен бала тәрбиесіне қатысты мәселелерден басқа жағдайларда) келіспеушіліктер жиірек кездеседі (2,1 п.п.-5,5 п.п.). Бала тәрбиесіне қатысты мәселелерге қатысты келіспеушіліктер көбінесе ерлі-зайыптыларға (заңды некелерде) тән сипат.

Әйелдер мен ерлердің жасына қарай неке құрылымының өзгеруіне барынша кері демографиялық ықпал жасайтындар – жесірлер мен тұлдар. Ерлерде тұлдардың үлесі жас ұлғайған сайын да өседі, бірақ олардың неке құрылымының өзгерісіне қосар үлесі әйелдермен салыстырғанда елеусіз. Ондай гендерлік айырмашылықтардың себептері – ерлер өлімінің, әсіресе еңбекке қабілетті жастан жоғары ерлер өлімінің жоғарылығында болуы мүмкін және егде жастағы адамдардың қайталама одақтарын шектейтін қолданыстағы әлеуметтік нормаларда болуы да ықтимал. Сонымен қатар, жағдайлардың жартысынан астамында 50 және одан жоғары жастағы жесір/тұл қалған қазақстандықтар жалғызбасты үй шаруашылығында өмір сүреді және олардың үлесі жас ұлғайған сайын тек артады. Шетелдік зерттеулердің көрсетуінше [Petersen J., et al. 2018; van Broese Groenou 2014], жалғыздықта өмір сүру егде адамдардың әлеуметтік оқшаулануының басты факторларының бірі болып табылады, бұл олардың өз өміріне қанағаттанушылығын едәуір төмендетеді. Егде жастағы адамдардың қайталама одақтарына қатысты қолданыстағы әлеуметтік нормаларды және халықтың қартаю беталысын ескерсек, егде адамдардың жалғыздығы ел үшін үлкен сын-тегеурінге айналуы мүмкін.

Осыған байланысты Республиканың Үкіметіне аға буын азаматтарының мүдделерінде және үлкен жастағы азаматтардың өздерінің қатысуымен волонтерлікті («күміс волонтерлік») дамыту, әлеуметтік туризм, бос уақыт және мәдени іс-шаралар, ұрпақаралық қарым-қатынастарды дамытуға қатысты төменнен шыққан бастамаларды қолдау және т. б. арқылы үлкен жастағы адамдардың әлеуметтік интеграциясы саясатын неғұрлым белсенді ілгерілетуді ұсынуға болады. Үлкен жастағы адамдар баратын медициналық немесе әлеуметтік мекемелер базасында әлеуметтік-психологиялық қызметтерді дамыту да пайдалы болуы мүмкін.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінде отбасылық құндылықтарға қатысты мәселелер блогының болуы зерттеудің күмәнсіз артықшылығы болып табылады, бұл бағыттарының бірі ретінде отбасылық құндылықтарды нығайту мәселесі қойылған Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы аясында неғұрлым өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Отбасылық өмірге қатысты құндылықты бағдарларды зерттеу көрсеткендей, кез келген жастағы және жынысты қазақстандықтардың басым көпшілігі (90%-тен астам) үшін «неке – бүкіл өмір бойы бұзылмауға тиісті байланыс». Алайда, ерлер мен әйелдердің 60%-іне жуығы некенің ескірген институт екендігімен келіссе, 70%-інен астамы үйленбеген жұптардың неке қиюға қызығушылығы болмаса да бірге тұрғаны қалыпты нәрсе деп санайды. Елдегі халықтың үштен бір бөлігі дерлік гомосексуалды жұптарды қолдайды. Бұл Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтарды сақтаумен қатар әлемде орын алып жатқан некелік-отбасылық мінез-құлық беталыстарына айтарлықтай прогрессивті көзқараста (алайда, өз мінез-құлқын өзгертпестен) екендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы халқының некелік-серіктік қатынастары олардың жоғары қанағаттанушылығымен және айтарлықтай тұрақтылығымен сипатталады. Қазақстандық отбасылардың 97%-інен астамы өздерінің серіктерімен қарым-қатынасын қанағаттанарлық десе, олардың 77,6%-і оған тіпті толық қанағаттанып отыр (зерттеудегі бағаның ең жоғарғысы). Қазақстан Республикасындағы отбасыларының 95%-інен астамында ерлі-зайыптыларға/серіктерге айырылысу туралы ой келмеген. Құндылықты түсініктердің негізінде халықтың болашақ мінез-құлқы қалыптасады. Елде дәстүрлік құндылықтар әлі де мықты болғандықтан, жақын арада отбасылық-некелік қатынастарда түбегейлі өзгерістер күтілмейді.

4. ТУУ ЖӘНЕ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ



РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстан Республикасы да әлеуметтік-экономикалық дамудың салыстырмалы және неғұрлым жоғары деңгейіндегі басқа елдер сияқты тұңғыш баланы туу уақытын шегіндіру үрдісінен өтіп отыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2014 жылдан 2018 жылға дейінгі аралықта **әйелдердің бала туу кезіндегі жасы (орта есеппен, кез келген кезектегі) бір жылға дерлік өскен – 27,8-ден 28,7-ге дейін (қалада 28,1-ден 29-ға дейін, ауылда 27,4-тен 28,3-ке дейін)**¹⁰. Осыған орай, балаларды кешірек туу адамдарға олардың репродуктивтік ниеттерін қандай дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, жас өскен сайын репродуктивті денсаулық жағдайының нашарлауы оған кедергі болмай ма деген сұрақ туады.

«Ұрпақтар және гендер» іріктемелі зерттеуі Қазақстан халқының өз репродуктивті денсаулығының жағдайын субъективті түрде бағалауы туралы басқа сауалнамаларда табылмайтын бірегей деректерді қамтиды. Мысалы, соңғы рет 2015 жылы жүргізілген және Қазақстан Республикасы қатысқан MICS («Көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу») халықаралық сауалнамасы ұрықтануға және бала тууға қатысты проблемалардың болуы сияқты репродуктивті денсаулық мәселелеріне негізінде тоқталмайды. «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі деректерінің құрамы оларды 2015 жылғы MICS сауалнамасы мен басқа да сауалнамалардан алынған контрацепция құралдарын пайдалану туралы деректерді тексеру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда репродуктивті денсаулық проблемалары бар деп көрсеткен респонденттердің үлес салмағы күтілгендей жаспен бірге өседі: 18-29 жастағы 1,5%-тен (ерлер үшін 1% және әйелдер үшін 1,9%) 60-69 жастағы 54,6%-ке дейін және 70 пен одан жоғары жаста күтілетін жоғары 83,9%-ке дейін (5-сурет). Дегенмен, 30-39 жастағы әйелдердің небәрі 6%-і мен ерлердің 3%-інен азы ғана репродуктивті денсаулық проблемаларының бар екенін көрсетуі бұл үрдіс репродуктивті функцияға байланысты проблемалардың тез өсуіне әлі әкеле қоймайтындықтан бала туу жасын шегіндіруден қорқу қажет еместігін көрсетеді. Осылайша, бұл сандарға сүйенсек, балалы болуды кейінге қалдырудың салдарынан үлкенірек жаста пайда бола алатын бедеулікпен күрес ретінде ақталатын некеге отыруды және баланы ерте тууды жеделдетуге бағытталған шараларды қолдану толық орынды деп айту қиын.


50 және одан жоғары жастағы репродуктивті денсаулықты субъективтік әдіспен бағалау тек ерлерге ғана жүргізілгенін атап өткен жөн. Сондықтан бұл көрсеткіштегі гендерлік айырмашылықтарды тек ондай мәліметтер екі жыныс бойынша да қолжетімді болып табылатын жастау адамдар үшін ғана талдауға болады. Алайда, тіпті 50-59 жастағы ерлердің тек 20,4%-і ғана өздерінде ондай проблемалардың бар екендігін хабарлайды.

Оған қоса, респонденттердің өздерінің серіктерінің/жұбайларының репродуктивті қабілеті¹² туралы бағалары жалпы алғанда тіпті өз мүмкіндіктерін бағалаудан әлдеқайда жоғары болып отыр (6-сурет). Сонымен қатар, репродуктивті кезеңнің соңына (40-49 жас) дейін өздерінің репродуктивті денсаулығын бағалауға қарағанда серігінің/жұбайының балалы болу қабілеті туралы жауаптарда гендерлік айырмашылықтар жоқтың қасы.

¹⁰ Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2014-2018, келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <http://stat.gov.kz/edition/publication/collection>


¹¹ Бұл зерттеуде проблемасы бары анық деп жауап бергендер де, проблемасы болуы мүмкін дегендер де репродуктивті денсаулыққа қатысты проблемалары бар респонденттер деп саналады.

¹² Жауаптың варианты: серіктің балалы болу қабілеті ықтимал және анық.



5-сурет – Жынысы мен жасына қарай репродуктивті денсаулыққа қатысты проблемалардың болуы, %


Сауалнамада репродуктивті денсаулыққа қатысты проблемалары бар деп жауап берген респонденттердің ішінде осы мәселелерді шешуге тырысқан (емделген) адамдардың тым аздығы мұңайтады. Осылайша, бір қарағанда Қазақстан Республикасы халқының репродуктивті денсаулығы (әсіресе, халықтың өз бетімен анықтауы бойынша) ерекше алаңдаушылық туғызбайды, алайда, сонымен бірге, мұндай проблемалары пайда болған адамдар оларды шешуге асықпайды немесе мүмкіндігі жоқ болып отыр.



6-сурет – Респонденттердің пікірінше балалы бола алатын серіктердің үлесі, %

БАЛАЛАР САНЫ

7-суретте көрсетілгендей, бір әйелге шаққандағы балалардың саны 18-29 жасқа қарай – 0,77, 30-39 жасқа қарай – 1,96, 40-49 жасқа қарай – 2,07 құрап, қарапайым көбеюдің көрсеткішіне жетеді, сонымен бірге осы жастағы респонденттердің арасында бір әйелге шаққандағы балалардың саны жасы үлкенірек әйелдерге қарағанда біршама көбірек – 50-59 жастағы әйелдерде бұл көрсеткіш 1,94 деңгейінде (өзінің репродуктивті тарихын аяқтамаған 30-39 жастағы әйелдерге қарағанда төменірек) болса, 60-69 жастағы әйелдерде – 2,01 деңгейінде болып отыр. Ең жоғары туу көрсеткіші әзірге жасы ең үлкен (70+) әйелдерде байқалады – 2,08. Алайда, қазіргі заманғы технологиялардың дамуына орай 40-49 жастағы әйелдердің өздерінің репродуктивті тарихын әлі толық аяқтамағанын ескерсек, зерттеуде бақыланып отырған әйелдердің жас топтарының арасында 1970 жылдардың ортасында – 1980 жылдары туған ұрпақ әлі ең жоғары туу көрсеткішін көрсетуі мүмкін.



7-сурет – «Ұрпақтар және гендер» деректері бойынша белгілі бір жасқа қарай ерлер мен әйелдерден туған балалардың саны

Мұның бірқатар объективті себептері бар: мысалы, республика халқының этникалық құрамының бала туу саласындағы нормалары жоғарырақ этностардың пайдасына өзгеруі, сондай-ақ 1960-70-ші жылдары туған әйелдерге өздерінің репродуктивтік ниеттерін толық іске асыруға кедергі келтірген ауыр трансформациялық экономикалық дағдарыс. Соңғы жылдары Қазақстан үкіметінің жүргізіп отырған отбасылық саясаты да өз рөлін атқарса керек.

Туу деңгейі әйелдің некелік-серіктік жағдайына, оның білімі мен жұмыспен қамтылуының деңгейіне және тұрғылықты жеріне байланысты өзгереді. Серіктік мәртебе тұрғысынан ең жоғары туу көрсеткіші сауалнама жүргізу кезінде заңды түрде некеде тұрған әйелдер арасында байқалды – 2,28, сонымен қатар, серіксіз әйелдер тек 1,03 бала туған, ал тіркелмеген некеде тұрғандар – 1,37 бала туған.

Репродуктивті мінез-құлықтың білім тұрғысынан саралануы жоғарғы білімді және барлық қалған әйелдер арасында байқалады. Төмен (бастапқы және одан төмен) және орташа білімді әйелдер туған балалардың саны бойынша аса ерекшеленбейтін болса – сәйкесінше, бір әйелге шаққанда 1,89 бала және бір әйелге шаққанда 1,8 (ал ұрпақтан ұрпаққа қарай білім деңгейінің өсуін ескере отырып, жасына қарай түзету жасаса, айырмашылықтар мүлдем жойылып кетуі мүмкін), жоғары білімді әйелдерден туған балалардың орташа саны едәуір төмен – 1,46. Сондай-ақ, жұмыс істейтін (сауалнама мезетінде) әйелдерде де балаларының саны төмен (1,5), бұл бала тууды кейінге қалдырып жүруге байланысты болуы ықтимал.

Білім деңгейі, жұмыспен қамту жағдайы, діндарлығы бойынша ауыл мен қалада тұратын әйелдер арасындағы айырмашылықтарды ішінара көрсететін қала мен ауылдық жердің айырмашылықтары айтарлықтай көп: **қала әйелдері бір әйелге шаққанда 1,43 бала деңгейінде туса, ауыл тұрғындары 2,18 бала туады.** Алайда, әлеуметтік-демографиялық және экономикалық сипаттамаларды бақылағанның өзінде қала әйелдері мен ауыл әйелдері арасындағы айырмашылықтар біраз азайғанымен, әлі де сақталады, сондықтан тұрғылықты жердің өзі де тууға әсер етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, діндарлық пен діни ұстанымның туумен тығыз байланысын атап өткен жөн. Қазақстан халқының өмірінде діннің рөлі өскенде барлық дерлік жастағы әйелдер арасында туудың өскені байқалады. Мұсылман әйелдер арасында барлық жастағы топтарда туу деңгейі жоғарырақ. Діни тиесілілігін көрсетпеген (30-39 жастағылардан басқа) респонденттермен салыстырғанда христиандардың тууы жоғарырақ. Өзге факторларды бақылағанда тек өздерін өте діндар деп санайтын халық топтарында ғана туу едәуір жоғары.


Діни ұстанымдағы айырмашылықтар мен урбанизацияның түрлі деңгейі де Қазақстан аумақтары арасында туу деңгейіндегі елеулі өңірлік айырмашылықтарға ықпал етеді. Өзге жағдайлар тең болғанда жасы ең үлкендерінен басқа барлық жас топтарында бала туудың айтарлықтай жоғары көрсеткіші оңтүстікте байқалады.

РЕПРОДУКТИВТІК НИЕТТЕР

Балалардың тек іс жүзіндегі саны ғана емес, күтілетін саны да маңызды көрсеткіш болып табылады. Қазақстандағы «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінде күтілетін туу санын респонденттердің 3 жыл ішінде өздерінің балалы болуға қалауы туралы жауаптарының негізінде бағалауға болады (бұл сұраққа респонденттердің ең көбі жауап берді)¹³. **18-29 жастағы респонденттердің шамамен 24,4%-і, ал 30-39 жастағы респонденттердің 21,3%-і алдағы 3 жылда босануды қалайды.** Үрдістің төмендемелі сипаты 30 жастан асқан адамдардың репродуктивтік ниеттерінің көбі іске асырылғандығына байланысты.

Әлі балалары жоқ респонденттерде алдағы 3 жылда бала тууды қалауы айтарлықтай жоғары болады. Мысалы, **18-29 жас аралығында бала тууды қалайтын адамдардың саны шамамен 43%, ал 30-39 жас аралығында – 56%** болады: ер адамдар арасында, сәйкесінше, **43% және 60%, ал әйелдер арасында – 43% және 51%.**

¹³ Респондент алдағы 3 жылда бала тууға анық дайын немесе дайын сияқты екендігін білдірсе, біз бұл сұраққа берілген жауапты оң жауап деп санаймыз.



8-сурет – Респонденттің жасына қарай алдағы 3 жылда бала тууды қалауы

Әлі балалары жоқ жоғары білімді респонденттердің арасында шамамен 46%-і (төмен білімді адамдардың 28%-і және орта білімді адамдардың 40%-і) алдағы 3 жылда балалы болғысы келеді. Заңды некеде тұратын балалары жоқ респонденттердің 75%-іне дерлігі алдағы 3 жылда балалы болуға ниеттеніп отыр (ер адамдар көрсеткіші – 72%, әйелдер көрсеткіші – 78%).

ТУУДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

Қазіргі уақытта туудың кезеңдік жиынтық коэффициентінің көрсеткішімен (ЖКК) өлшенетін туу деңгейі Қазақстан Республикасында қарапайым көбею деңгейінен жоғары. Ағымдағы есеп пен халық санағының материалдары бойынша нақты топтардағы туудың нақтырақ бағалары да халықтың біршама тез өсетініне үміт береді. Сонымен қатар, егде жастағы респонденттер тобының туу көрсеткіші салыстырмалы түрде төменірек (қарапайым көбеюден төменірек) болғандықтан «Ұрпақтар және гендер» зерттеуіндегі туудың бағалары жалпы жиынтық деректерінен біршама төмен болып шықты. Алайда, халықтың жас топтарының едәуір жоғары көрсеткіштерінің ағымдағы есеп деректерінен айырмашылықтары мардымсыз, және халық көбеюінің шегінен асатынына үміт береді.


Зерттеу деректерін қарастыру барысында, туу көрсеткіші салыстырмалы төмен санаттарға – қалаларда (соның ішінде, елордаларда) тұратын адамдарға, жоғары білімді адамдарға, христиан дінін ұстанатын этностардың өкілдеріне мемлекеттік саясаттың қосымша ықпал ете алатындығын атап өткеніміз жөн. Оларға, мысалы, жұмыс пен отбасылық міндеттерін сыйыстыру мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған шаралар қажет. Сонымен бірге, білімі мен кірісі төмен, жиі ауылдық жерлерде, басым көпшілігі республиканың оңтүстігі мен батысында

тұратын отбасылардың өздерінің репродуктивтік ниеттерін іске асыруда қиындықтар болмаса да, олар үшін кедейлік пен балалардың білім алуға қолжетімділігіне қатысты қиындықтар қатты сезілуі мүмкін. Өздерінің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге мүмкіндігі жоқ болатын ондай отбасылардың жоғары діндарлығын ескерсек, олардың оқшаулануының және радикалдануының үлкен қаупі бар екендігі түсінікті болады.

Осылайша, мемлекеттік саясатта бала санын көбейтуге ынталандыру қағидатынан білімді және жұмыс істейтін халықтың репродуктивтік ниеттерін іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мақсатты бағдарламаларға және балалар мен ата-аналардың, оның ішінде адам капиталы мен кірістерінің ағымдағы деңгейі төмен отбасылар арасында адам капиталының сапасын жақсартуға бағытталған неғұрлым мақсатты бағдарламаларға көшу маңызды болып отыр.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі ағымдағы есептің деректерінен байқалып отырған Қазақстандағы бала тууды үлкенірек жасқа қалдыру беталысын растады. Бұл процесс көптеген басқа елдерде де байқалып отыр: дамыған елдерде мұндай жағдай бірнеше он жыл бұрын басталған, посткеңестік кеңістіктің елдері Қазақстан Республикасында байқалып отырған жағдайларға ұқсас процестерді басынан өткізуде. Ресейде бұл беталыс ертерек жаста бала тууға ынталандыру бойынша демографиялық саясат шараларын енгізуге әкелді. Алайда, Ресейдің де, басқа елдердің де тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл шаралар, ерте некелесуді ынталандыру сияқты, мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені ұлғайта отырып, бәрібір нақты топтарда балалардың жиынтық санының өсуіне әкелмейді. Сонымен қатар, туу күнтізбесін жылжыта отырып, олар балалы отбасылардағы кедейлік қаупінің артуына әкелуі мүмкін және үкіметтің жүргізіп отырған саясатын білімді жастардың қабылдамауына байланысты мемлекет саясатына деген сенімді әлсіретуі мүмкін. Оған қоса, пронаталистік демографиялық саясатты жүргізген елдердің көпжылдық тәжірибесі тууды қаржылық тұрғыдан ынталандырудың оның динамикасына әсер ету дәрежесі қаншалықты екендігі туралы сұраққа нақты жауап бермейді. Бірқатар елдің тәжірибесіне сүйенсек, бала туу көрсеткішінің халық кірісінің оң серпінімен (бірақ деңгейімен емес!) және инклюзивті экономикалық өсіммен байланысы анық деп болжауға болады, алайда бұл байланысты да тереңірек зерттеу қажет.

5. ГЕНДЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ АТА-АНА БОЛУ




Соңғы онжылдықта гендерлік теңдік мәселелерінің өзектілігі халықаралық деңгейде де, жекелеген елдер деңгейінде де барған сайын арта түсуде. Бұл мүдделіліктің бірнеше себебі бар. Олардың арасында – әйелдерді мәдени дәстүрлерге байланысты немесе өмірдің белгілі бір кезеңдерінде (бала туған және тәрбиелеп жатқан немесе отбасында асыраушысынан айырылған жағдайда) осал күйге түсуі мүмкін қоғамның толыққанды мүшелері ретінде мойындау және олардың құқықтарын қорғау. Әйелдердің қызметкерлер ретінде де, өсіп келе жатқан ұрпақтың аналары ретінде де маңызды рөлін мойындау. Сондай-ақ, қазіргі қоғамда әйелдердің өзін-өзі дамытуы көбінесе екі салада да қатар жүріп жатқанын түсіну; басқа істерімен қатар олардың қанша бала туа алуы әйелдердің жеке және қоғамдық салаларда теңдікке қаншалықты қол жеткізетініне, әйелдердің бала күтімін ақылы жұмысбастылықпен қаншалықты оңай ұштастыра алатынына байланысты болмақ. Дамыған елдер арасында ұдайы өсуге бейім туу деңгейлері барынша тең қарым-қатынастағы отбасына қол жеткізген елдерден байқалады. Сонымен қатар, психологтар балалардың туған сәтінен бастап тәрбиесінде әкесінің орны маңызды екенін дәлелдеді, бұл гендерлік теңдік мәселелерін зерделеудің жаңа қырын ашпақ.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі бойынша, гендерлік теңдік мәселелерін нормативтік нұсқамалар деңгейінде де (құндылықтар туралы пайымдаулардың жинағымен келісу немесе келіспеу), іс жүзіндегі мінез-құлық деңгейінде де (жеке салада, отбасында – үй шаруашылығы бойынша, бала күтімі бойынша, үй шаруашылығы бюджетін жүргізу әдісі бойынша міндеттерді бөлу, ал көпшілік салады – отбасындағы жұмыспен қамтылғандар бойынша) және қазіргі кездегі міндеттерді гендерлік тұрғыдан бөлуге қанағаттанушылық деңгейінде де қарастыруға болады.

ГЕНДЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасы халқының отбасындағы және қоғамдағы ерлер мен әйелдердің құқықтары мен міндеттері туралы нормативтік түсініктері туралы сұрақтарға берілген жауаптарды талдауға сүйенсек, екі жыныс өкілдері құқықтарының теңдігі туралы идея ең үлкен дәрежеде жоғары білім алу құқығынан көрініс тапты (9-сурет). Онымен сауалнамадан өткендердің 82,6%-і, соның ішінде ерлердің 80,7%-і және әйелдердің 84,4% і келіседі. Керісінше, отбасы үшін ақшаны кім табуға тиіс (сұралғандардың тек 37,1%-і ғана ер адамдар мен әйелдер бірдей деп санайды), ең мықты саяси көшбасшылар кімдер (33,9% і мұның жынысқа қатысы жоқ деп санайды) және кішкентай балаларға қамқорлықты жақсырақ жасайтын кім (25,3%-і ерлер де, әйелдер де деп санайды) деген сұрақтар гендерлік тұрғыдан бейтарап емес. Бірінші екі сала дәстүрлі түрде ерлердікі болып табылса, үшіншісі әйелдердің еншісінде.

Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерді ең үлкен дәрежеде саралайтын білім, кіріс деңгейі мен діни тиесілілік. Мұсылмандар орта есеппен гендерлік рөлдер туралы неғұрлым дәстүрлі ұғымдарды ұстанады. Эгалитарлық құндылықтардың жоғарырақ білім деңгейімен байланысы білім алуға, еңбек етуге деген құқықтан және серіктестіктегі гендерлік рөлдерден айқынырақ көрінеді. Сонымен қатар, орта білімі бар адамдарға қарағанда жоғары білім иелері көбінесе ең мықты саяси көшбасшылар ер адамдар деп санайды. Жастардың арасында (30 жасқа дейін) екі жыныс өкілдері үшін де университеттік білімнің құндылығы бірдей деп мойындайтындардың үлесі жоғарырақ болғанымен, сонымен бір уақытта жұмыс істеу ер адамдар үшін маңыздырақ және отбасы үшін ақшаны ер адамдар табуға тиіс деп санайтындардың саны көбірек. Ал, үй мен балаларға қамқорлық жасау әйелдер үшін маңызды, тіпті олардың міндеті болуы тиіс.



9-сурет – Гендерлік рөлдер туралы эгалитарлық түсініктерді бөлісетін, яғни ерлер мен әйелдер үшін аталған салалар тең дәрежеде маңызды деп санайтын респонденттердің үлес салмағы, проц.

ОТБАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК: ҮЙ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ

Жалпы, бірге тұратын серіктердің іріктемесінде бюджетті бірлесіп жүргізу моделі басым (69%), оның ішінде үй шаруашылықтарының 60%-інде серіктердің/жұбайлардың ақшасы ортақ және әркім одан қажетінше алады (10-сурет). Сонымен қатар, әрбір төртінші үй шаруашылығында барлық ақшаны серіктердің біреуі ғана басқарады: салыстырмалы түрде жиі (15-17%) мұндай басқарушы ер адам болып келеді (жағдайлардың 12%-інде – әйел). Жастау кездерінде, әсіресе 30 жасқа дейін, күйеуі барлық ақшаны басқарып, әйеліне оның үлесін беріп отыратын жағдай жиі (серіктестіктердің 20-22%-інде) кездеседі.

Жұмыссыз әйелдер отбасы бюджетіне қатысты серігінің шешімдеріне өте қатты тәуелді. Алайда, бір қызығы, белсенді емес әйелдер (үй шаруасындағы әйелдер), керісінше, барлық ақшаны басқаратын жағдайлар жиірек кездеседі. Бұл жұмыссыз және белсенді емес әйелдер арасындағы айырмашылық (жұмыссыз әйелдердің осалдығы және белсенді емес әйелдердің отбасы шешімдеріндегі салыстырмалы басымырақ рөлі) басқа да мәселелерде көрініс табады, бұл еңбек нарығындағы әйелдердің осы мәртебелерін түсіндіретін түрлі себептер мен отбасылық жағдайларға мегзейді.



- Серіктердің бірі барлық ақшаны басқарады және серігіне/жұбайына оның үлесін береді
- Серіктердің/ерлі-зайыптылардың ақшасы ортақ және әркім қажетінше алады
- Серіктердің/ерлі-зайыптылардың ақшаларының бір бөлігі ортақ пайдалануға, ал бір бөлігі жеке жұмсауға арналған
- Басқа



- Серіктердің бірі барлығына өзі төлейді
- Серіктердің/ерлі-зайыптылардың екеуі де шамамен тең төлейді
- Серіктердің/ерлі-зайыптылардың екеуі де жеке кірісіне қарай төлейді
- Серіктердің/ерлі-зайыптылардың екеуі де ішінара төлейді, бірақ айқын ереже жоқ

10-сурет – Серігі бар респонденттерді үй шаруашылығының кірістері мен бірлескен айлық шығыстарын ұйымдастыру туралы сұрақтарға берілген жауаптар бойынша бөлу, проц.

Жағдайлардың 61%-інде ай сайынғы шығыстарды серіктердің екеуі де қатар жүзеге асырады: серіктестіктердің әрбір үшіншісінде дерлік (31,5%) серіктер/ерлі-зайыптылар шамамен бірдей шығыстар жасайды, серіктестіктердің әрбір бесіншісінде дерлік (17,9%) ерлі-зайыптылар арасында қаражат жұмсау туралы нақты келісім жоқ, ал жағдайлардың 12%-інде шығындар мөлшеріне әрбір серіктің кіріс мөлшері әсер етеді (10-сурет). Сонымен бірге, жағдайлардың 39%-інде бүкіл шығысты серіктердің/ерлі-зайыптылардың тек біреуі ғана жүзеге асыратынына назар аудару керек. Ай сайынғы шығыстарды ұйымдастыру моделіне әсер ететін мықты дифференциалдаушы факторларға жасы, білім деңгейі мен еңбек нарығындағы жағдайы жатады. Ең жас шағында серіктестіктердің үштен бірінде дерлік бәрін ер адам төлейді, ал 50-69 жас аралықтарында әр бесінші серіктестікте бәрін төлейін әйел болып отыр. Жас өскен сайын бірлескен бюджеттер үлесі де өсіп келеді.

Кең ауқымды мәселелер бойынша шешімдерге келетін болсақ, балалардың тәрбиесі туралы (жұптардың 85-86%-і), үйге сатып алынатын ірі заттар туралы (76-77%) серіктер көбінесе бірлескен шешімдер қабылдайды; шамамен жағдайлардың жартысында серіктер үйге қажетті әдеттегі заттарды сатып алу туралы тең шешім қабылдайды (47-51%). Ақы төленетін жұмыста серіктердің әрқайсысы қанша уақыт өткізетіндігі туралы шешімдер неғұрлым жеке сипатқа ие (және адамдар қаншалықты жұмыс істейтінін барлық кезде өздері таңдай бермейді). Алайда, бұл жерде гендерлік айырмашылықтар айқын көрінеді. Ер адам шамамен жағдайлардың жартысында өзінің қанша уақыт жұмыс істеуге тиіс екенін өзі шешсе, ал жағдайлардың үштен бір бөлігінде – серігімен/жұбайымен бірге шешеді екен, ал әйел жағдайлардың үштен бір бөлігінен көбірек жағдайда (37-38%) өзі шешім қабылдап, жағдайлардың 40%-інде серігімен/жұбайымен бірлесе шешетін болса, жағдайлардың 16 17%-інде мұндай шешімді әйелі үшін ерлері қабылдайды.

Шешім қабылдауға қарағанда, күнделікті үй шаруасын істеу, расында да, ең алдымен әйелдердің міндеті болып келеді. Серіктер/жұбайлар тек бос уақытын бірге ұйымдастыруға ғана бірлесе қатысады (жұптардың 77-79%-і). Серіктердің шоттарды төлеуге және үй шаруашылығындағы қаржылық құжаттаманы жүргізуге шамамен бірдей қатысуы жұптардың 37-41%-інде, үйде ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге шамамен бірдей қатысуы жұптардың 24-32%-інде (және бұл жерде ерлер мен әйелдердің жауаптарындағы айырмашылықтар неғұрлым үлкен), шаңсорғышпен тазалауға шамамен бірдей қатысуы жұптардың 10-13%-інде байқалады. Үй шаруаларын орындауда ерлердің көбірек үлесі негізінен тек үйде ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізуде (жұптардың 48-60%-і) және ішінара – шоттарды төлеу мен тиісті құжаттаманы жүргізуде (жұптардың 22-29%-і) байқалады. Үйдегі барлық қалған шаруаларды – кір жууды, күнделікті ас дайындауды, шаңсорғышпен тазалауды – басым көпшілігінде әйелдер орындайды.

ОТБАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК: ЖАУАПТЫ АТА-АНА БОЛУ

Сауалнамаға қатысушылардың жынысы мен жасына қарамастан, қазақстандық қоғамдағы балалардың және отбасылық өмірдің маңыздылығына бағдарланудың жоғары құндылығын атап өткен жөн. Осылайша, ерлердің 86,3%-і мен әйелдердің 90,6%-інің пікірінше, әйелге өзін-өзі іске асыруы үшін балалы болуы қажет деп санайды. Дәл сол сияқты, ерлердің 86,2%-і мен әйелдердің 84,3%-інің пікірінше, ер адамға да өзін-өзі іске асыруы үшін балалар қажет деп санайды.

Қоғам әлеуметтік-экономикалық салада болып жатқан өзгерістерге – серіктік қарым-қатынас нысандары алуантүрлілігінің бірнеше онжылдық бұрын болған нысандардан көп болып көбеюіне, неке тұрақсыздығына, ерлер мен әйелдер жұмысбастылығының өсуіне бейімделуге тырысып жатыр. Бір жағынан, балаларды жақсы және дұрыс тәрбиелеу туралы дәстүрлі түсініктер сақталып отыр. Осылайша, ер адамдардың 96%-і мен әйелдердің 96,2%-інің пікірінше, бақытты болып өсу үшін балаға әке-шешесі бар үй қажет. Тіпті ең жас буында – 30 жасқа дейін – ерлердің 94,8%-і және әйелдердің 95,3%-і осы пікірмен келіседі. Екінші жағынан, әйелдердің өміріндегі балалардың маңыздылығын мойындай отырып, ерлердің 82,5%-і және әйелдердің 87,3%-і әйел баланы жалғыз өзі, тұрақты серіксіз тууға шешіле алатындығымен келіседі.

Сол сияқты, бір жағынан, ерлердің 84,5%-і және әйелдердің 87,7%-і мектеп жасына дейінгі балаға анасының жұмыс істейтіндігі қиналыс туғызады деп санайды; ал, ерлердің 80,7%-і және әйелдердің 81%-і мектеп жасына дейінгі бала өзінің әкесінің де көп жұмыс істейтіндігінен қиналады деп санайды. Сонымен бірге, екінші жағынан, ерлердің 90%-і және әйелдердің 92,6%-і жұмыс істейтін ана да тура жұмыс істемейтін ана секілді баламен жылы да сенімді қарым-қатынас жасай алатындығына келіседі.

14 жасқа дейінгі баланың күтімімен негізінен бұрынғысынша әйел айналысады. Балалары ауырған кезде олармен үйде қалу; балаларды киіндіру немесе олардың дұрыс киінуін қадағалау; балаларды ұйықтату; оларға үй тапсырмаларын орындауға көмектесу міндеттері көбіне әйелдердің мойнына түседі. Тек 14 жасқа дейінгі балалары бар ерлердің 3%-іне жуығы ғана бала күтімі бойынша қандай да бір міндеттерді басымырақ орындайды.

Әйтсе де, ерлердің бала күтіміне әйелдермен бірге қатысатын салаларға қарасақ, балалардың тәрбиесіне ата-ананың екеуінің де қатысуы жиірек кездеседі (11-сурет). 14 жасқа дейінгі балалары бар және ері 40 жасқа толмаған жұптардың 3/4-інен астамында ерлер балаларымен ойнайды және/немесе олармен бос уақытын бірге өткізуге қатысады. Жағдайлардың жартысынан астамында ер адамдар балаларға үй тапсырмаларын орындауға көмектеседі. Жартысынан азырағында ерлер балаларды ұйықтатуға қатысады. Ерлердің науқас балаларды күтуге қатысуы ең сирек, бұл көбінесе жұмысбастылық пен ата-ана міндеттерінің арасындағы қайшылықты көрсетсе керек: отбасында негізгі асыраушы болғандықтан, ер адамға жұмысына нұқсан келтірмейтіндей науқастануға байланысты демалыс алу қиынырақ.



11-сурет – Бала күтіміне байланысты міндеттерді әрқашан/әдетте ер адам немесе серіктің екеуі де бірдей атқарады деп жауап берген, серігі бар белгілі бір жастағы ер респонденттердің үлес салмағы, проц.


6. ҰРПАҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС




Кеңейтілген отбасы ішіндегі ұрпақаралық қарым-қатынас кез келген қоғам өмірінің маңызды бөлігі болып табылады, ол туралы нормативтік түсініктер түрлі мәдениетте және бір халықтың өзінің дамуының әртүрлі сатыларында түрліше құбылып тұрады. «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі есейген балалар егде жастағы ата-аналарына көмек көрсету керек пе (және қандай көмек көрсетуі қажет), әлде керісінше, ата-аналар өздерінің ересек балаларына, ал әжелер мен аталар немерелеріне көмек көрсетуі керек пе, сондай-ақ қайсысы – қоғам әлде отбасы – күтімді қажет ететін егде адамдарға қамқорлық жасау керек және жағдайы төмен егде адамдарға қаржылай қолдау көрсету керек деген әлеуметтік нормаларды талдауға мүмкіндік береді. «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің қосымша артықшылығы – Қазақстан халқының бағдарларын осы зерттеуге қатысушы елдермен бірыңғай әдістеме арқылы еларалық салыстыру жүргізу мүмкіндігі болып табылады.

Отбасы қазақстандықтардың өмірінде маңызды орын алады, қажет болған жағдайда балалар мен егде жастағы туыстарының көмегі мен қолдауы, ең алдымен, кеңейтілген отбасы күштерімен қамтамасыз етіледі. Үйдегі шаруа көмегіне мұқтаж егде адамдарға қамқорлық көрсетуге қатысты, «Ұрпақтар және гендер» зерттеуіне Қазақстанда қатысқан респонденттердің жартысынан астамы (59%) «бұл – қоғамнан бұрын, ең әуелі, отбасының міндеті» деп санайды (12-а суреті). Тек 12%-і ғана үйде күтім жасау отбасынан бұрын қоғамның міндеті деп санайды. Бір қызығы, «Ұрпақтар және гендер» зерттеуіне қатысқан елдердің тек екеуінде – Германия мен Грузияда ғана Қазақстанға қарағанда көбірек халық үйде күтім жасау отбасы жауапкершілігі аймағына кіреді деп санайды; айта кететін жайт – Германияда мемлекеттің, шіркеудің, қайырымдылық ұйымдарының және отбасының күштерімен ұзақ мерзімді күтім жасаудың кешендік жүйесі өте жақсы дамыған.

Сауалнамаға қатысқан барлық елдердің халқы жиі жағдайы төмен егде адамдарды қаржылық қолдау қоғамның жауапкершілік аймағына жатады деп санауға бейім, ол көбіне XX ғасырда дамыған зейнетақы жүйелеріне байланысты болса керек. Посткеңестік кеңістіктің басқа бірқатар елдерімен (Грузия, Ресей мен Беларусь) және еуропалық елдермен (Польша, Германия мен Франция) салыстырғанда Қазақстан кедей егде адамдарға қолдау көрсету, ең алдымен, қоғамның міндеті деп санайтындардың салыстырмалы түрде төмен үлесімен (24%) және, керісінше, материалдық жағынан оларға қоғамнан бұрын отбасы мүшелері көмектесуге тиіс деп санайтындардың неғұрлым жоғары үлесімен (34%) ерекшеленеді (12-б суреті).




(а) оларға үйде күтім жасау қажет болса



(б) олардың кірістері күнкөріс минимумынан төмен болса


12-сурет – Егде адамдарға қайсысы – қоғам әлде отбасы – қамқорлық жасауы/ қолдау көрсетуі қажет екені туралы нормативтік түсініктер

Қазақстандықтардың пікірінше, отбасы егде адамдардан гөрі балаларға көбірек қамқорлық жасауға тиіс. Зерттеудің деректері бойынша, сұралғандардың 74,3%-і мектеп жасына дейінгі бала күтімі – қоғамнан бұрын отбасының міндеті деп санаса, тек 5,2%-і ғана оны ең алдымен қоғамның міндеті деп санайды. Оқушы балаларға сабақтан тыс уақыттағы қамқорлықты да қазақстандықтар қоғамнан гөрі (4%) бірінші кезекте отбасына (75,3%) сеніп тапсырады. Зерттеуге қатысқан бірқатар басқа елдермен салыстырғанда қазақстандықтарда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі отбасы мен қоғамның рөлі туралы посткеңестік кеңістік пен Орталық Еуропаның (Беларусьті есептемегенде) басқа елдеріне жақын түсініктер байқалды (13-а суреті). Алайда, оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы қамқорлығын «Ұрпақтар және гендер» зерттеуіне қатысушы елдердің көпшілігінің халқы көбіне отбасы мен қоғамның тең жауапкершілік аймағы деп санайды, ал Қазақстанда ол отбасының негізгі рөлі екені айқын көрінеді (13-б суреті).



13-сурет – Балаларға қайсысы – қоғам әлде отбасы – қамқорлық жасауы қажет екені туралы нормативтік түсініктер

Отбасы мүшелерінің амандығы үшін қоғам мен отбасының жауапкершілік аймақтарын осылай түйсінетін Қазақстанда басқа елдермен салыстырғанда ұрпақаралық өзара қолдаудың маңыздылығы туралы түсініктердің кеңірек таралғаны таңқаларлық жайт емес (14-сурет). Ондай әлеуметтік нормалар зерттеуге қатысқан посткеңестік кеңістіктің бірқатар басқа елдеріне де, әсіресе, Грузия мен Беларуське тән, бірақ Батыс Еуропа елдерінде (Германия, Франция) және Эстонияда басым келетін нормалардан ерекшеленеді. Сонымен бірге, Қазақстан қоғамында кеңейтілген отбасының ішінде ең алдымен қарттар мен кішкентай балаларды қолдау керек деген түсінік қалыптасқан.



14-сурет – Қазақстандағы және «Ұрпақтар және гендер» зерттеуіне басқа қатысушы елдердегі ұрпақаралық күтім туралы құндылық бағдарларды салыстыру

Респонденттер әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан, өздерінің егде жастағы ата-аналарына қатысты өсіп кеткен балалардың міндеттемелерін бірауыздан қолдайды: егер ата-анасы өздеріне қамқорлық жасай алмайтын болса, оларды өз үйіне алып кету (93%); ата-анасы қамқорлыққа мұқтаж болғанда оларға қамқорлық жасау жауапкершілігін өз мойнына алу (92%); қаржылық қиындықтарға тап болған жағдайда ата-анасына қаржылық қолдауды қамтамасыз ету (91%). Бес респонденттің төртеуі (84%) ата-анасының жағдайы келмесе, атасы мен әжесі немерелеріне қамқорлық жасауға тиіс деп санайды. Арасында жасы үлкен адамдардың үлес салмағы жоғары болып келетін экономикалық белсенді емес және жұмыссыз респонденттердің арасында әжелер мен аталар өздерінің немерелеріне қолдау көрсетуге тиіс деген көзқарасты жақтайтындардың үлесі жұмыс істейтіндерімен салыстырғанда 5 проц. пунктке жоғарырақ. Осылайша, олар немерелерге қамқорлық жасау құндылығының маңыздылығын басқа жастағы топтарға қарағанда жиірек атап көрсетеді.

Балалардың ата-ана алдындағы жауапкершілігімен салыстырғанда азырақ дәрежеде болса да, айтарлықтай нық түрде респонденттер ата-аналар ересек балаларына қамқорлық жасауға – қиналғанда қаржылық қолдауды қамтамасыз етуге (77%), қажет болса, өз өмірін балаларға көмектесуге бейімдеуге (72%) тиіс деген пікірді қолдады. Мұндай көмектің қажеттігі туралы пікірді ересектеу респонденттер жиірек (6 проц.п.-ға көбірек) қолдайды. Ересектеу респонденттер бұл мәселеде өздерін ата-аналарына ұқсатады деп, ал жастау респонденттер өздерін ересек балаларға ұқсатады деп топшылсақ, онда біріншілері өздері өз балаларына олардан балалары күтетіннен гөрі көбірек көмектесуді қажет деп санайды деген қорытынды жасауға болады.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуіндегі ұрпақаралық қарым-қатынастардың іс жүзіндегі сипатын ата-аналардың бөлек тұратын балаларымен және ересек балалардың бөлек тұратын ата-аналарымен байланыс жасау жиілігі, сондай-ақ ересек балаларымен, ата-аналарымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынасына қанағаттанушылығы туралы ақпараттың негізінде анық көруге болады. Әлеуметтік байланыстар жиілігі адамдардың субъективті әл-ауқаты үшін маңызды көрсеткіш болып табылады. Эмпирикалық зерттеулер әлеуметтік белсенділік, атап айтқанда, туыстарымен қарым-қатынас өмірге қанағаттану мен адамдардың бақытты болуына жағымды әсер ететіндігін көрсетеді [Baker et al., 2005; Haller, Hadler, 2006].

Егде жастағы ата-аналардың өздерінің ересек балаларымен байланыс жасау жиілігін талдаудың нәтижелері мұндай байланыс жиілігінің жас ұлғайған сайын өсетіндігін көрсетеді, бұл, бәлкім, жасы үлкен адамдарға күнделікті өмірде немесе күтімге байланысты балаларынан көмек қажет болғаннан болар. Серігінің/жұбайының болмауы (көбінесе қайтыс болғандықтан) жалғыз басты егде адамның өз балаларымен байланыс жасау жиілігін арттырады: мысалы, 70 және одан жоғары жастағы некелескен егде адамдар өз балаларымен орта есеппен әрбір бес күнде бір, ал жалғызбасты егде адамдар әрбір 2-3 күнде бір көрісіп тұрады. Керісінше, бір үй шаруашылығында ересек балаларының бірімен бірге тұру басқа балаларымен байланыс жиілігін азайтады. Басқа елдердегідей, әйелдер ер адамдарға қарағанда ұрпақаралық байланыстарға белсендірек қатысады. Жасы үлкен әйелдер ерлерге қарағанда балаларымен жиірек араласады. Бөлек тұратын қыздарымен әкелер де, аналар да ұлдарынан гөрі жиірек кездеседі.

Ата-аналардың балаларымен, балалардың ата-аналарымен, сондай-ақ респонденттің өз үй шаруашылығының басқа мүшелерімен қарым-қатынасына қанағаттанушылығы өте жоғары. Респонденттердің негізгі бөлігі анасымен де, әкесімен де, әсіресе, егде жастағы ата-аналарымен қатынастарына толық ризашылығын білдіреді. Сонымен қатар, ер респонденттер жалпы әйел респонденттерге қарағанда ата-аналарымен, әсіресе аналармен қарым-қатынастарына жиірек қанағаттанатын болып келеді. Анамен қарым-қатынас жалпы әкемен қарым-қатынастан гөрі көбірек қанағаттандырады. Басқа жас топтарымен салыстырғанда жастар (18-29 жас) арасында өздерінің ата-анасымен қарым-қатынасына қанағаттанбайтындардың үлесі жоғарырақ, алайда, бұл жерде де әңгіме анасымен қарым-қатынастарына қанағаттанбайтын жас ерлердің 4%-і мен жас әйелдердің 3%-і туралы және әкесімен қарым-қатынастарына қанағаттанбайтын жас ерлердің 12%-і мен жас әйелдердің 8%-і туралы болып отыр. Бұл айырмашылықтар, сірә, ұрпаққа тән емес, адамның өмір сүру траекториясының бір сатысына тән болар: жас кезде ата-анасынан бөлек шығу – қалыпты жағдай. Басқаша айтқанда, «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінің кейінгі толқындарын өткізу кезінде респонденттердің есеюіне қарай ата-аналарымен қарым-қатынастарының жақсаруы байқалады деп топшылауға болады.

Жалпы алғанда, қазақстандықтардың ұрпақаралық өзара көмегі, жоғары жиілікті байланыс жасауы және жалпы балалар мен ата-ана арасындағы жоғары қанағаттанушылық туралы нормативтік түсініктерін ескере отырып, ата-аналар мен балалар ұрпақтары арасында қашықтық байқалмайды деп нық айтуға болады. Ал қазақстандық қоғам бұрынғысынша мықты ұрпақаралық ынтымақтастықпен сипатталады.

Қазақстан халқының егде адамдарына барынша егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, олардың белсенді ұзақ өмір сүру мен салауатты қартаю әлеуетін бағалау үшін, кейіннен Белсенді ұзақ өмір сүру индексі есептелуі мүмкін. «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі оны есептеуге негіз бола алады, өйткені онда оған кіретін көрсеткіштердің негізгі бөлігін есептеуге мүмкіндік беретін сұрақтар берілген. Мысалы, ағымдағы жылдың деректері бойынша, 55 жастан асқан халықтың жұмыспен қамтылу деңгейіне негізделген жұмыспен қамтудың қосалқы индексі есептеуге болады; ішінара – қоғам өміріне қатысудың (тек отбасы ішінде – балалар мен немерелерге қамқорлық, егде жастағы адамдарға қамқорлық), тәуелсіз, салауатты және қауіпсіз өмірдің (тәуелсіз өмір, салыстырмалы медианалық кіріс, кедейлік қаупінің болмауы, ауыр материалдық депривацияның болмауы), халықтың белсенділікті сақтап қартаю мүмкіндігінің (55 жастағы адамдардың салауатты өмір сүруінің күтілетін ұзақтығы; психологиялық саулық; әлеуметтік байланыстар, білім деңгейі) қосалқы индекстерін есептеуге болады.

Осылайша, жүргізілген «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінде Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары мен мінез-құлқы туралы статистикаға қосымша ақпараттың маңызды қабаты бар екені сөзсіз.

ДӘЙЕКСӨЗ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары». Талдамалы есеп. Ред. басқарған Смайылов Ә.А. /Астана, 2011.
2. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2014-2018.– Нұр-Сұлтан, 2019.
3. Мизинцева, М.Ф., Чавыкина, М.А. Динамика расходов на образование в государствах-членах ЕАЭС/ Изв. Саратов. ун-та Нов. сер. Сер. Экономика. Управление. Право. 2017. Т. 17, вып. 3. С. 247-256.
4. О рынке труда в Евразийском экономическом союзе. 2018 год. Аналитический обзор. 30 октября 2019 г. Евразийская экономическая комиссия.
5. Статистический ежегодник Евразийского экономического союза; Евразийская экономическая комиссия. – М.: 2018. – 420 б.
6. Щербакова, Е.М. Молодежь СНГ: штрихи к демографическому портрету/Демоскоп Weekly. 2014. № 615-616. <http://demoscope.ru/weekly/2014/0615/barometer615.pdf>
7. Baker L.A. Cahalin L.P. Gerst K. Burr J.A. Productive activities and subjective well-being among older adults: The influence of number of activities and time commitment // Social Indicators Research. 2005. 73. 431-458-б.
8. Gierveld J. D. J., van Broese Groenou M. Quality of marriage and social loneliness in later life //Encyclopedia of Quality of Life and Well-being Research. – 2014. –5309-5312-б.
9. Haller M. Hadler M. How social relations and structures can produce happiness and unhappiness: an international comparative analysis // Social Indicators Research. 2006. 75. 169-216-б.
10. Petersen J., et al. Longitudinal Relationship Between Loneliness and Social Isolation in Older Adults: Results From the Cardiovascular Health Study. Aging Health. 2016, August. Vol. 28 (5). P. 775-795.

